Опираясь на исследования многих ученых, многообразие представленных точек зрения, все же мы полагаем, что понятие «содержание обучения» должно трактоваться не только как учебная информация курсов, семинаров, а намного шире, так как формат повышения квалификации кардинально меняется и представлен Мастер-классами, авторскими школами, педагогическими мастерскими, методической студией, педагогическим салоном. Все это означает, что изменение системы повышения квалификации в условиях модернизации образования представляет серьезную управляемую проблему. Эта проблема, может быть, сформулирована как проблема субъективизации системы повышения квалификации. Это значит проблема перехода от повышения квалификации как функционального действия, предписанного по «разнарядке», к повышению квалификации как субъектному действию, связанному с необходимостью разрабатывать и осуществлять решение профессиональной проблемы и трудностей, к повышению квалификации как

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 3 (31), 2011 г.
авторскому действию, действию по разработке программ профессионального развития, создания педагогических, авторских норм и форм профессиональной деятельности.

Предприняты организационно-методические меры по обновлению структуры института: действуют кафедры андрагогики и теории и методики 12-летнего образования, созданы за последние три года лаборатория развития малокомплектных школ, лаборатория информационно-коммуникационных технологий в образовании, лаборатория дистанционного обучения. В 2011 году поэтапно в пилотном режиме осуществляется повышение квалификации педагогов на восемнадцати дистанционных курсах для разных категорий обучающихся (в основу взята концепция Е.С. Полат, д.п.н., лаборатория дистанционного обучения г. Москвы).

Ежегодно институт предлагает до сорока программ повышения квалификации. Все программы разработаны на блочно-модульной основе и включают следующие блоки: профессионально-компетентностный, этнопсихолого-педагогический, инновационно-исследовательский; профессионально-предметный модуль, состоящий из 3-х субмодулей, практический и заключительный модули. Программы обеспечены учебно-методическими комплектами, кейсами и другими необходимыми материалами (в зависимости от новизны программы).

В институте уделяется особое внимание проектной деятельности. Во-первых, участие в проектах – это повышение собственной квалификации учителей, управленцев, методистов, овладение новыми компетенциями, так как работа в проектом режиме кардинально отличается от традиционной деятельности. Во-вторых, на наш взгляд, проект, как правило, направлен на разработку инновационной темы, поэтому активная деятельность в проекте – это выход на новые инновационные решения.

Таким образом, в соответствии с заказом на повышение квалификации, основной единицей содержания становится та или иная специальная компетенция педагогов, которая выражается в готовности к применению определенной технологии управления (или обучения) (или нескольких технологий в рамках одного вида деятельности), его готовность к решению новых педагогических задач особенно в условиях модернизации образования.

Свобода и ответственность – необходимые основы научно-методического сопровождения профессионального развития педагогов. Уход от жесткого планирования и контроля деятельности учителя, от монологического общения, наличие оперативных обратных связей – залог успешного продвижения учителя от незнания к знанию, от несоответствия к соответствию тому или иному уровню квалификации и стремления каждого к АКМЕ профессионального мастерства.

Сегодня пришло время выработать новый взгляд на роль институтов повышения квалификации как ключевого звена, обеспечивающего создание, развитие и совершенствование организационно-методических условий курсового и межкурсового обучения, ориентированных на удовлетворение образовательных потребностей руководящих и педагогических кадров в контексте обновления содержания образования.

1. Громкова. М.Т. *Андрогогика: теория и практика образования взрослых: Учеб. пособие для системы доп. проф. образования; учеб. пособие для студентов ВУЗов.* – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005. – 495 с.

2. Змеев С.И. *Основы андрагогики.* – М.:Флинта, 1999. – С. 84

3. *Андрогогика: опыт разработки и программ курса для преподавателей системы повышения квалификации. Информац. бюлл. №2; Проблемы непрерывного образования взрослых.* – СПб., 1994. – с. 24-26.

Summary

The urgency of improvement of professional skill is connected with necessity of all-round maintenance of quality of preparation and improvement of professional skill of teachers in connection with occurrence of Kazakhstan in world educational space.

Түйін

Мақалада Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне енуіне байланысты мұғалімдердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыруда педагогтарды қайта даярлаумен барынша сапалы қамтамасыз ету және білім жетілдірудің маңызды мәселелері жан-жақты қарастырылған.

ЖОҒАРҒЫ МЕКТЕП ВЫСШАЯ ШКОЛА

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ – ЖАҢАША ОҚЫТУ ТАЛАБЫ

М.Б. Аманбаева – *Қазақстан географиясы және экология
кафедрасының оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. [1]

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды мәселелердің бірі. Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел акпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі олардың білім беру жүйесі мен білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды.

Қазіргі білім беру жүйесі, оның әдістемесін жаңартуды сынақтан өткізуді талап етіп тұр. Ғылыми-техникалық прогрестің дамуы, қазіргі заман жаңа компьютерлік және телекоммуникациялық техникалардың пайда болуына, әртүрлі акпараттарды көрсету мен өңдеу әдістеріне, жоғары оқу орындарының тәжірибесіне қазіргі заман жаңа мультимедиа – жүйелерін ендіруге байланысты жоғары оқу орындарында мамандар дайындау үрдісін интенсификациялайды және білім беру қызметін тарату жолдарын түбегейлі өзгертеді. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды мәселелердің бірі.

Білім берудің ең маңызды мәселесінің бірі ол оқыту акпараттарын тиімді көрсету болып табылады. Дәстүрлі білім беру қарапайым статикалық көрнекіліктерді қолдана отырып, бір жақты қарым-қатынас түрінде құрастырады. Бүгінгі күні мұндай жүйе ескірген немесе, кәсіби жаңарту-ды керек ететін жүйе болып табылады.

«Инновация» ұғымы өте кең көлемді, жан-жақты деректерде түрліше түсіндірілген. Бұл термин ерте кезден-ақ көрініс тапқан. Инновация, латтынның «in» – ішкі, «novus» – жаңа, деген сөзінен шығып, жаңарту, жаңалық, өзгерту, деген мағнаны білдіреді. [2]

Соңғы жылдары барлық оқу пәндерінің циклы бойынша акпараттар көлемі көбейіп жатыр, бірақ, оларды меңгеруге жіберілетін уақыт керісінше кемуде. Сондықтан, нағыз мамандарды дайындауға жіберілетін білім беру акпараттар ағымы көбейіп, білім беру жүйесінің кез-келген деңгейінде бейнеленеді.

Лапиннің инновациялық процеске байланысты екі ілімі қолданылады:

1) қарапайым түрде қолдану, ол яғни ашылу – жаңалық енгізу (новация) – қолданушылардың арасындағы бөлінуі – көпшіліктің қолдануы;

2) кеңейтілген түрде қолдану – ашылу – новация – таралуы – меңгеруі және модификация – рутинизация, яғни дәстүрге айналуы.


Жаңалықты қабылдап, танып зерттеу, оны қолдану, қабылдау, жаңалықты қалыптастыру, жүзеге асыру, яғни мазмұны психологиялық түсінікке жақын, қабылдау – қабылдау және қорытындысы ретінде жаңалықты қолдану.

Оқу процесіндегі инновациялық модельдің құрылымын былай көрсетуге болады:

- жалпы инноватикадағы инновациялық процесс идеялары;
- педагогикалық инноватиканың пайда болуы, таралуы, педагогикалық жаңалықтарды меңгеру;
- оқу процесі кезінде теориялық талдау жасау немесе іс-әрекет ретінде.

Инноватиканың басталуы: инновациялық процесс – инновациялық іс-әрекет – инновациялық потенциал – инновациялық процестерді басқару.

Оқу-тәрбие процесінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттарының өзара жүйелік бірлігінің моделін төмендегідей (Сурет 1).



1-Сурет. Оқу-тәрбие процесінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттарының өзара жүйелік бірлігінің моделі

Оқу процесін ақпараттандыруды жаппай қолға алу, оның ғылыми-әдістемелік ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білім беру технологияларын игеру арқылы білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу; оқу процесін ізгілендіруді үнемі басшылыққа алу.

Сондықтан инновациялық әдіс-тәсілдерді оқу процесіне енгізу барысы, белгілі деңгейде белсенділікті көздейді.

Оқыту ақпараттарының басқа түрдегі ақпараттардан айырмашылығы, оның өзінің анықталған сипаты бар және әртүрлі қасиеттері негізінде жіктеледі: қабылдау әдісі бойынша (дыбыстық, визуальды, сенсорлық), адамға ақпараттың әсер етуі бойынша (тікелей, ассоциативті) және т.б. Оқыту ақпараттарының берілу әдістері оның сипаттізімін бейнелейді және әртүрлі негіздемелер бойынша жіктелінеді.

Ескі, үйреншікті дәстүрлі әдістерден кетіп, оқытудың уақыт талабына сай озық технологияларын енгізу үрдісі жүру үстінде, солардың бірі, оқытудың мультимедиа-құралдарын пайдалана отырып, білім беру үрдісі.

Білім беру жүйесінде оқытудың мультимедиа-құралдары қазіргі таңда кеңінен қолданылуда – оларды көрнекілік құралы ретінде қолданудан (презентация, WEB-беттер, және басқалар) білім алу және өзін-өзі дамыту құралдары (электрондық энциклопедиялар, оқулықтар, тестілік программалар, қашықтан оқыту құралдары және т.б.) ретінде қолдану да кеңінен таралуда.

Мультимедиа түсінігі кең спектрдегі мәндерді қамтиды: бұл құрастыру технологиясы ретінде, өнімнің өзі ретінде, аппараттық қамтама ретінде, және нәтижесінде, жаңа ақпарат түрі ретінде де қолданылады. Мультимедия түсінігінің пайда болуымен қарапайым әдістемелік көрсетілімдердің көрнекілігі және материал иллюстрациясының безендірілуі арта түсуде. [3]

Мультимедиа әртүрлі программалық және техникалық құралдар негізінде құрылады, білім алушыға тиімді әсер етеді, ақпаратты өңдеу, елестету, сақтау және құрудың компьютерлік құралдар ретінде көрсетіледі, білім алушы бір мезетте оқырман, тыңдаушы, көрермен және қатысушы бола алады.

Қазіргі заманғы жаңа аудиовизуальды (ыңғайлы навигация, иілгіш үлестік берілу, интерактивтілік) ақпараттарды өңдеудің әдістерін қолдану, әртүрлі рецепторлық айқын әрекеттердің бір мезетте қолданылуы білім алушының оқыту үрдісін интенсификациясын көтеруге және оқыту ақпараттарын меңгеру тиімділігін арттыруға мүмкіндіктер береді.

Мультимедиа білім алу үрдісін әртүрлі көрнекі ақпараттардың интеграциясының көмегімен ғана тиімді арттыруды қамтамасыздандырып қана қоймай, сонымен қатар айта кететін ең маңызды артықшылықтарының бірі ол басқа сызықты ақпараттарды беру құралдары – интерактивтілігі болып табылады.

Интерактивтілік пайдаланушы талаптарына сәйкес ақпараттардың көрсетілімін басқаруға, материалдардың берілу қарқынын және жағдайларға байланысты қайталау санын жүйелендіруге мүмкіндік береді. Мультимедиялық иллюстрацияны қолданып жасалған әрбір дәріс – білім алушының оқыту материалдарымен танысу деңгейін, факультет және мамандық бойынша спецификасын, және оқытушылардың білім беруінің жеке түріне байланысты тиімді жолдарды таңдауға арналған факторларға сүйене алады.

Мультимедиялық оқулықтардың интерактивтілігі мен иілгіштігі материалды өз бетінше оқып үйрену және ұйымдастыруға өз себебін тигізеді, ол білім алушының оқу топтарында бірігіп жұмыстар ұйымдастыруды, мультимедиялық программа мүмкіндіктеріндегі интерактивтілікті қолдануды, білім алушы өз бетінше оқу үрдісін тізбектей ұйымдастыруды, яғни білім алу үрдісін толығымен жекелей таратуға мүмкіндіктер береді. Мультимедияны қолдана отырып білім алуды жекелендіру шығармашылық, өзбегіншілік, белсенділік принциптарын таратуға өз әсерін тигізеді.

Артықшылықтарына (көрнекілік, қолжетерлік, қолданудағы иілгіштік, интерактивтілік және т.б.) қарамастан білім алудағы мультимедиа бірқатар спецификалық аспектілерге сүйене отырып қолданылуы керек. [4]

1. Мультимедиялық оқулық құрастыру арнайы анықталған білімді талап етеді. Оқытушы негізгі компьютерлік технологияларды меңгерген болуы қажет, әсіресе мультимедиялық қосымшаларда (дыбыс, видео, анимация және т.б.) жұмыс жасауды білу керек.

2. Үлкен көлемдегі ақпараттар және материалдарды берудің артық құрылымдық әдістері көңіл бөлуді бұзады, нәтижесінде оқыту материалдарын толығымен меңгеру қызметі бұзылады.

3. Мультимедиялық оқыту білім алудың дидактикалық принциптарына және ақпараттарды қабылдаудың психологиялық заңдылықтарына негізделіп жасалуы қажет. Мультимедиа жеке берілмейді, ол тек басқа құралдармен бірге беріледі.

4. Толық кері байланыстың болмауы. Мультимедиялық программалардың интерактивтілік деңгейі адамдар арасындағы қарым-қатынас деңгейіндегідей емес, сондықтан оқытушының мұндай оқыту құралдарымен жұмыс жасау кезіндегі ролі маңызды.

Білім беруде мультимедиялық құралдарды қолдану және өңдеумен байланысты қиындықтарға қарамастан, олар мектеп және жоғары оқу орындарында кеңінен қолданылуда. Қазіргі кезде кішігірім дайындығы бар пайдаланушы мультимедиялық құрал жасауға, ал қазіргі заман жаңа білім беру орындарының техникалық жабдықталуы оны кеңінен қолдануға мүмкіндіктер береді.

Мультимедиа технологияларының қызықты мүмкіндіктері электрондық оқу құралдарын жасауда және де басқа оқып үйренуге арналған материалдар дайындауда көп пайдаланыланылады. Мультимедиялық жарнамалық бизнесте, компьютерлік ойындарда кең қолданылады. Мультимедиа технологияларының қызықты мүмкіндіктері электрондық оқу құралдарын жасауда және де басқа оқып үйренуге арналған материалдар дайындауда көп пайдаланылады. Мультимедиялық технологияларды кеңінен қолдану оқытудың қазіргі компьютерлік технологияларын дамытудың жаңа бағыттарын дамытуға зор үлес қосып келеді.

Қорыта айтқанда, инновациялық оқытуда оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланғанда оқытудың нәтижелі, білімнің сапалы болатындығы және ең бастысы, оқушылардың пәнге деген жауапкершілігі, қызығушылығы артып, оқушының өз бетінше жұмыс істеуге ынтасы оянып, ізденушілік-шығармашылық, зерттеушілік қаблеттері артады.

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында (2007).

2. Б.Д. Абуова Педагогикалық оқу орындарында биология мен химия пәндерін ақпараттандыру негізінде кіріктіре оқытудың әдістемелік ерекшеліктері., Автореф. канд. пед. наук. – А., 2009.

3. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Мультимедиа в образовании. – <http://www.ido.edu.ru/open1/multimedia>. 2006

Резюме

В данной статье рассматриваются основные направления использования инновационных технологий в обучении. Также подвергаются рассмотрению теоретические основы формирования и повышения качества образования с использованием инновационных технологий обучения. В целом, использование инновационных технологий способствует повышению качества знаний студентов и обеспечивает системный подход в образовании.

Summary

In this article, main directions of using the innovation technology in education are reviewed. Also, theoretical bases of formation and improvement of quality of education by using the innovation technology of teaching are reviewed. In general, the usage of the innovation technology brings to improvement of quality of knowledge of students and provides a systematic approach in education.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ПЕДАГОГ-МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ТҮРҒЫДА ДАЯРЛАУДА ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДЕРДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

А.З. Әліпбек – *п.ғ.к., аға оқытушы,*

А.О. Малдыбаева – *аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік педагогикалық институты*

Этнопсихология пәні – Қазақстанда жоғары оқу орындарында педагог-мамандарды кәсіби түрғыда даярлаудағы өте қажетті, әрі өзекті ғылым салаларының бірі. Этнопсихологиялық мәселелердің өзектілігі – қоғамдағы әлеуметтік үрдістердің саяси және ұлттық бағдарлылықтардың қайта өзгерулерімен байланысты. Мұндай өзгерістердің нәтижесі – тәрбие және білім беру салаларына айтарлықтай өз ықпалын тигізуде. Осыған орай, болашақ педагог мамандарды этнопсихология ғылымның өзекті мәселелері, негізгі ұғымдары және тарихи даму жолдары туралы білімдермен қаруландырудың қажеттілігі – бүгінгі күннің талабынан туындап отыр.

Этнопсихологиялық ой-пікірлер антика дәуіріндегі философтарының еңбектерінен бастау алады. Геродот, Гиппократ, Гацит, Глиния, Страбон және т.б. Көне грек елінде тұлғаның психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуына өмір сүретін ортасы басты ықпал етеді.

Ежелгі грек ойшылы Гиппократ (б.э.д. 460-б.э.д. 377-356) халықтардың бір-бірінен айырмашылығы, соның ішінде олардың мінез-құлығы, сана-сезімі – өз елінің климаты мен табиғатына байланысты болады деген пікірлерді алға дамытты.

Геродот (б.э.д. 490-б.э.д. 425) – ол атақты грек тарихшысы, этнографы. Ол әртүрлі халықтың мінезі мен өмірін, тыныс-тіршілігін табиғи ортасымен байланыстыра отырып, халықтың өзіне тән ерекшеліктерін айқындап беруге тырысты. Мысалы, оның айтуынша, Египеттегі өзін-өзінің табиғи қасиеттімен ерекшеленетіндей, халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы басқа халықтарға қарағанда мүлдем өзгешелеу дейді.

XVIII ғасырда Француз ағартушылары «халық рухы» деген түсінікті географиялық фактормен байланыстыра отырып, шешуге тырысты. Француз ағартушысы Ш.Монтоскье (1689-1755) дүниедегі көптеген заттарды адам басқарады деп айтты. Мысалы: Климат, дін, заңдар, басқару принциптері, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер т.б.

Сондай-ақ, Монтоскьенің айтуынша, климат «халық рухындағы» басты фактор. Мысалы: ыстық климаттың адамдары тұйық, жалқау, ерлік жасауға қабілетсіз деді. Ал, солтүстік халықтары суыққанды барлық істерге бейімделгіш келеді.

XIX ғасырдың ортасында этнопсихология жеке ғылым ретінде Германияда қалыптасты. Оның негізін қалағандар М.Лацарус (1824-1903), Г.Штейнталь (1923-1893). Олардың алғаш осы ғылым жайындағы еңбектері «Гіл білімі және халықтар психологиясы» журналында жарық көрді.

Лацарус және Штейнтальдің түсінігінше, «халық» – адамдар жиыны, тобыры, ал адамның рухани ерекшеліктері тілі мен шығу тегіне байланысты емес, адамдар белгілі бір халыққа субъективті жататындағы анықталады.

Лацарус және Штейнталь этнопсихологияның мынадай негізгі мәселелерін бөліп көрсетті:
– Халықтың рухтық психологияның мәні мен маңыздылығын оқып үйрену;

- Халық өміріндегі, өнері мен ғылымындағы ішкі іс-әрекеттерінің заңдылықтарын ашу;
- Қандай да бір халықтың пайда болу, даму және жойылуының негізгі себептерін анықтау.

Лацарус және Штейнтальдың идеяларын Ресейде 1859 ж. алға қарай дамыта бастады. Ресейде Н.И. Надеждин (1804-1856 жж.), К.Д. Кавелин (1818-1885) болды. Этнопсихологиялық ой-пікірлердің ары қарай дамуы мен қалыптасуына бір қатар Ресейдің ірі ғалымдары мен көрнекті өкілдері қатысты: Н.Я. Чадаева, П.Сорокин, А.С. Холяков, Н.Я. Данилевский, Н.Г. Чернышевский, В.О. Ключевский, В.С. Солов, Н.А. Бердяев, Н.О. Лосс және т.б. Бұл ғалымдар орыстың ұлттық психологиялық ерекшеліктерін сипаттауға, зерттеуге тырысты.

Германияда В.Вундт (1832-1920 жж.) халықтар психологиясы – алғашқы әлеуметтік-психологиялық білімдердің формаларының бірі болып табылады деген көзқарасты алға қарай дамытты. В.Вундт 1886 жылы алғаш рет этнопсихологиялық еңбектері жарық көрді, 1912 жылы «халықтар психологиясы проблемалары» атты еңбектері жарияланды. 1900 жылы «Халықтар психологиясы» атты он томдық кітаптары жарық көрді.

Неміс ғалымдары халықтың шығармашылық рухы өнімдерінің нақты құрылымын сипаттап көрсетті:

– Ұлттық тіл; мифтер (аңыздар); салт-дәстүрлер; 1954 жылы американдық зерттеуші Дж.Хонигман «Мәдениет және тұлға» мектебі туралы толық сипаттама беруі. Бұл мектептің негізгі міндетті – белгілі бір мәдени ортада индивид өмір сүреді, ойлай алады және сезінеді деген пікірді қолдады.

«Жеке тұлға және мәдениет» мектебінде 1950 жылы атақты белгілі зерттеушілер – Р.Бенедикт, К.Дюбуа, А.Инкелес, Р.Ментон, М.Мидтің еңбектері америкалық ғылымда жетекшілік мәнге ие болды. Қазіргі таңда мәдени антропологиялық зерттеулер аймағындағы психологиялық аспектілерді психологиялық антропология деп атайды.

Психологиялық антропологияның негізгі бағыттарын дәстүрлі түрде келесі түрге болып қарауға болады:

- Балалардың әлеуметтенуін зерттеу (балалар этнографиясы);
- Ұлттық мінез-құлықты зерттеу;
- Әр түрлі мәдениеттің даму дәрежесі мен нормаларын талдау;

Американдық антрополог Ф.Бок психологиялық мәдениеттің негізгі мектептері мен принциптерін ұсынды:

Бірінші мектеп – психоаналитикалық антропология 2 принциптерден тұрады: Фрейдизм; Неофрейдизм (Фромм, Эриксон).

Екінші мектеп – «жеке тұлға және мәдениет» 4 бағытты біріктірді:

- а) мәдениет конфигурациясы (Бенедикт);
- б) Базалық және модальдық тұлға (Кординер, Дюбуа, Линтон, Инкелес);
- в) Ұлттық мінез құлық (Хсю, Горер);
- г) Салыстырмалы-мәдениет (Жд. И.Б. Уайтинги).

Үшінші мектеп – «әлеуметтік құрылым және жеке тұлға» 3 бағытты анықтайды: а) материалистік бағыт (Маркс, Энгельс, Бухарин); б) позитивистік (Вебер, Мертон); в) Интеракционистік (Г.Мид).

Төртінші мектеп – когнитивтік антропология 2 бағытты анықтайды:

- а) Примитивтік ойлауды зерттеу (Тейлор, Леви-Брюль, Боас, Леви-Строс);
- б) Жеке даму ерекшеліктер мәселесін талдау. (Пиаже, Коул);
- в) Этносемантикалық зерттеулер (Бермен, Кэй).

Этнопсихологиялық зерттеулердің күрделілігіне байланысты 3 бағыт анықталады.

1-бағыт. Мәдени релятивизм. Мәдени релятивизм – психикалық процестің құрылымы мен мазмұнына мәдениет аралық ерекшеліктердің жоғарғы түрі болып табылады. Мәдени релятивизмнің өкілі ретінде Р.Бенедикт мәдениет конфигурациясының тұжырымдамасы; Сепиор-Уорфтың «Лингвистикалық қатынастылық гипотезасын» айтуға болады.

Француз философы және әлеуметтанушысы Л.Леви-Брюльдің тұжырымдамасы – Европалықтардың логикалық ойлауын алғашқы қоғамдық ойлауымен қарама-қарсы қояды. Ф.Боастың түсінігінше, барлық мәдениет тең, бірдей, бірақ әр түрлі.

Релятивизмнің өкілдерінің көзқарасынша, қандай да бір болмасын психологиялық құбылыстарды мәдени өзгерістердің негізінен түсіндіруге болады дейді. Релятивизм (лат./reletivus – қатынастылық) – адам танымының қатынастылығы, шарттылығы және субъектілігі туралы ілім. Реля-

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 3 (31), 2011 г.
тивизм халық білімінің қатынастылығын мойындап, танымның объективтілігін жоққа шығарады, әрбір халықтың білімінде объективті дүние бейнеленбейді деп сипаттайды.

2-бағыт. Мәдениет пен абсолюттілік арасындағы ұқсастықты білдіреді, қандайда болмасын арнайы құбылыс өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Абсолютизм концепциясы бойынша, тайпаралық және ұлтаралық ерекшеліктерді тест арқылы анықтайды және тек осы тұжырымдама халықтардың өзіндік артықшылықтарын айқындауға тырысты. Мұнда бір халықтың интеллектілігін басқа халықтың интеллектісінен ерекшеленеді деген пікірді «нақты ғылыми дәлелденген тұжырымдама» ретінде алға дамытты. «Абсолютизмге керісінше» пікірді жақтаушылар американдық психолог М.Коул болды. Оның қарастыруынша, мәдениет тең және бірдей деді. Психологияның құбылыстар арасындағы ішкі ұқсастықтарды кейбір әдістер арқылы түсіндіруге болады.

Абсолютизм бағыты – нақты қоғам мен мәдениет саласы өкілдерінің бойында кездесетін құндылықтар және олар мұны әмбебап, мәңгі, әрі күллі қоғам мен мәдениеттер үшін қолданылуы тиіс деп есептейді.

3-бағыт. Универсализм бағыты – мәдениет мәні тең, әрі бірдей мағынада сыртқы мәні әртүрлі, бірақ негізінен мәні бірыңғай болып келеді. Универсализм бағытын зерттеушілер мынадай мәселені шешуге тырысады: мәдениет адамның ішкі психикалық әлеміне қандай дәрежеде және қандай жолмен ықпал етуге болады. Олардың көзқарасынша, психологиялық түсінік универсалды болып табылады және қандай да болмасын мәдениетте адамның мінез-құлқын сипаттау үшін қолданылады.

Сонымен қорыта айтқанда, оқу-тәрбие үрдісінде студент-жастарға этнопсихология ғылымының тарихи даму жолындағы негізгі бағыттар және мектептер туралы және тағы басқа теориялық білімдерді ұдайы беріп отыру – аса маңыздылығымен ерекшеленеді.

1. Жарықбаев Қ. *Этнопсихология – ұлт тәрбиесінің өзегі.* – Алматы, 2005.

2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі / *Педагогика және психология.* – Алматы, 2002.

3. Стефаненко Т. *Этнопсихология.* – М., 1999.

Резюме

В данной статье раскрываются основные направления истории развития этнопсихологии как отдельной науки. Здесь даны основные понятия, структура и направления этнопсихологии.

Summary

In this article the basic directions of history of the development of ethnopsychology as separate science reveal. Here the basic concepts, structure and ethnopsychology directions are given.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В АНТИНАРКОТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ

П.К. Болеева, С.К. Кусаинова – к. п. н.,

доценты Таразского государственного педагогического института

В настоящее время все большую популярность приобретают интерактивные методы организации антинаркотической работы в образовательных учреждениях. Интерактивные методы обучения – это модель открытого обсуждения, в процессе которого подростки и юноши учатся анализировать жизненные ситуации, принимать самостоятельные решения, отстаивать свою и уважать чужую точку зрения. В процессе игры, проходящей в условиях эмоционального комфорта, раскрепощенности, студент приобретает необходимые коммуникативные навыки, определяет свою роль в социуме.

Обсуждение актуальных проблем позволяет повысить не только антинаркотическую устойчивость, но и интеллектуальный, и эмоциональный уровень, т.к. культура ведения дискуссии, участия в «мозговом штурме» значительно улучшает культуру общения в целом, способствует развитию творческого мышления.

Интерактивные методы предполагают взаимодействие субъектов образовательного процесса на уровне «равный – равному», где педагогу отводится роль координатора, наставника, а не вос-

питателя-информатора. Учитель и участники занятия – часть одной команды, они работают над достижением одной цели.

При выборе интерактивных технологий для проведения антинаркотического воспитания в педагогическом ВУЗе мы руководствовались работами В.А. Трайнева, Л.В. Зарецкой, Л.Н. Матросова, М.И. Рожкова, Л.С. Горбатенко, А.Г. Макеевой и др. [1-3]

Рассмотрим подробнее некоторые интерактивные методы групповой работы, которые нами были использованы при организации антинаркотического воспитания студентов.

Мозговой штурм – это методика творческого мышления, которая помогает находить новые решения путем освобождения индивидуальных мыслительных способностей.

Методика проведения «мозгового штурма» весьма проста. Группа людей знакомится с проблемой. Затем каждый из них представляет свои идеи выхода из проблемной ситуации. Во время обсуждения никто не комментирует высказываемые идеи, не дает им оценки. Методика «мозгового штурма» не ставит перед собой задачи достижения количества за счет качества. Просто она должна вовлечь всех участников процесса в обсуждение, создавая возможность для свободного высказывания идей. Эксперты утверждают, что «мозговой штурм» можно считать успешным, если 5-6 идей, после соответствующей аналитической обработки, окажутся потенциальным путем решения проблемы.

1. Перед началом занятий ведущий подбирает тему и состав участников.
2. Ведущий объясняет группе значение «мозгового штурма» и его принципы:
 - выработайте, как можно больше идей;
 - все идеи записываются;
 - ни одна идея не отрицается;
 - ни одна идея не обсуждается – для этого еще придет время.
3. Группе предлагается выбрать председателя, спикера, секретаря и таймера.

Функции председателя:

- следить за тем, чтобы группа не отклонялась от темы обсуждения, соблюдала принципы «мозгового штурма»;
- поощрять участие каждого.

Функции секретаря:

- записывать идеи, предложения разборчиво, аккуратно;
- использовать ключевые слова и фразы членов группы.

Функции таймера:

- следить за временем, отведенным на дискуссию.

Функции спикера:

- излагать ясно, кратко и лаконично идеи и предложения, выдвинутые группой.

Каждый участник предлагает группе свою идею. Председатель следит за тем, чтобы ни одна идея (на данном этапе) не комментировалась, не оценивалась, не отвергалась (даже самая фантастическая). Секретарь составляет общий список идей.

Процесс выбора идей:

Каждая группа (через презентацию спикера) представляет свои идеи. Ведущий просит участников высказать отношение к идеям из списка: уточнение, развитие идеи, позитивные стороны, критические замечания, контраргументы, содержательная оценка.

Проявляются непонятные идеи.

Исключаются повторения.

– Если во время итогового обсуждения в группе возникла проблема выбора решения, то возможно разрешение данной проблемы путем голосования.

Группа вырабатывает общий вариант решения проблемы:

- 1) выделение идей, разделяемых большинством;
- 2) определение возможных направлений и способов дальнейшей совместной работы над проблемой.

Ролевая игра. Эта техника требует определенных способностей от ведущего, который должен организовать так, чтобы участники исполнили роли серьезно и без смущения. Используя эту технику, участники без подготовки (спонтанно) исполняют роли, которые даны им ведущим. Участников игры надо подбирать с большой осторожностью и тактом. Ведущий должен помнить, что в

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 3 (31), 2011 г.
некоторых ситуациях пассивность лишь только с одной стороны может блокировать все упражнение. В то же время, неправильный подбор лиц может вызвать агрессию или обиды. Это упражнение можно провести, когда 4-8 участников исполняют роли, а остальные наблюдают за их поведением; или мы можем разделить участников на несколько групп, состоящих из 3-5 участников, которые исполняют роли одновременно.

Использование данной технологии помогает изменить поведение людей, позволяет людям увидеть последствия их воздействия на других, обеспечивает возможность для слушателей увидеть, как другие могли чувствовать, действовать в данной ситуации, позволяет обучающимся исследовать альтернативные подходы, связанные с ситуацией.

Процесс игры протекает по-разному, в зависимости от цели и задач, которые ставит перед собой ведущий.

1. Ролевая игра используется в качестве демонстрации. При этом маленькая группа участников разыгрывает какую-то ситуацию, другие участники наблюдают за ними. По окончании игры следует дискуссия.

2. Ролевые игры используются для стимуляции дискуссии на сложные темы. В игре принимают участие как несколько человек, так и вся тренинговая группа. Их «представление» стимулирует групповую дискуссию о схожих проблемах и опыте участников, которым они могут поделиться. Ролевая игра в этом случае выступает как катализатор или стимулятор следующей за ней дискуссии.

3. Ролевая игра используется для выработки и закрепления навыков. Участники разбиваются на малые группы и практикуются в этом, затем осуществляется обратная связь.

Шаги ролевой игры:

1) Перед началом упражнения ведущий:

- подготавливает зал, а также роли для актеров;
- определяет ситуацию и события, в которых персонажи будут действовать;
- внимательно расписывает роли: определяет, какими они будут, подготавливает описание ролей и инструкций, определяет время для подготовки роли;
- продумывает предложения для анализа.

Во время ролевой игры ведущий:

- побуждает участников принять участие в игре, объяснив ход игры и роль участников в ней;
- вводит «актеров» и наблюдателей в ситуацию, дает инструкции, определяет время для подготовки роли, дает сигнал для начала игры;
- останавливает ролевую игру в нужный момент, или когда значительная часть ее сыграна, или если ситуация выходит из-под контроля.

После окончания ролевой игры

- подведите итог;
- поблагодарите актеров и спросите их, как они себя чувствовали во время игры (обмен чувствами и переживаниями);
- дайте исполнителям ролей время выйти из роли (например, попросите назвать их собственные имена); наблюдатели делятся впечатлениями и наблюдениями;
- запишите все ответы и затем проанализируйте их вместе. Ведущий должен обратить внимание участников и наблюдателей на цели упражнения, а не на конкретные слова, высказанные актерами;
- опросите обучающихся, как ситуация связана с их собственной жизнью.

Дискуссия – спор, обсуждение какого-либо вопроса на собрании, в печати, в беседе. Всем известно, что основная задача дискуссии как метода обучения – научить спорить, не ссорясь, отстаивать свою позицию, прислушиваясь к чужим точкам зрения.

Основные правила подготовки к дискуссии:

1. Тема дискуссии должна быть актуальна для ее участников.
2. Необходима предварительная подготовка участников дискуссии (вводная лекция, беседа, учебный фильм или самостоятельная подготовка).
3. Рекомендуется разбить дискутирующих на 5-7 человек.

Функции ведущего:

- следить за соблюдением правил;
- соблюдать регламент;
- с помощью вопросов направлять дискуссию в нужное русло;

- в случае необходимости сообщать дополнительную информацию;
 - подводить промежуточные итоги, делать общие беспристрастные и объективные выводы.
- Следует избегать:

- вмешиваться в ход дискуссии,
- высказывать свою точку зрения,
- опережать с ответом дискутирующих;
- выполнять роль судьи чужих мнений;
- критиковать участников дискуссии.

Не следует забывать и о техническом оснащении дискуссии. У каждой группы должны быть листы бумаги (альбомные или ватман), ручки, карандаши, фломастеры, по необходимости – цветные карандаши, маркеры. Если участники плохо знают друг друга, можно прикрепить к одежде бэйджи с именами.

Каждый участник должен быть ознакомлен с *правилами* ведения дискуссии (они выписываются на доске или вывешиваются на плакате):

1. Придерживайся темы.
2. Не перебивай.
3. Высказывайся лаконично (коротко и ясно).
4. Аргументируй свои высказывания примерами.
5. Уважай чужую точку зрения.
6. Не критикуй и не оценивай.
7. Не переходи на личности.
8. Будь активным.
9. Правило поднятой руки.

За несоблюдение правил командам можно назначать штрафные очки.

Использование интерактивных технологий в антинаркотическом воспитании студентов конкретизированы в программе спецкурса «Здоровый образ жизни: основы здоровья, профилактика наркомании», [4] которая нами была введена в учебный процесс нескольких педагогических ВУЗов Казахстана.

1. *Трайнев В.А. Деловые игры в учебном процессе: Методология разработки и практика проведения.* – М.: МАН ИПТ, 2002. – 360 с.

2. *Игровые и активные методы обучения в педВУЗе. Сборник научных трудов / Под ред. Трайнева В.А.* – М.: Прометей, 1991. – 211 с.

3. *Матросова Л.Н. Деловая игра в подготовке учителя.* – М.: Магистр, 1996. – 114 с.

4. *Болеева П.К. Здоровый образ жизни: основы здоровья, профилактика наркомании. Программа специального курса.* – Тараз: Университет «Кайнар», 2003. – 16 с.

Түйін

Студент жастарға антинаркотикалық тәрбие берудегі оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану нақты мысалдар негізінде баяндалған.

Summary

On the basis of examples to teach students anti-drug education use interactive methods for their education.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДА ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЛШЕМ ТЕОРИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Л.Ә. Бөлекбаева – оқытушы, ҚазХҚжәне ӘУ

Республикамыздың саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс. Осыған орай, бүгінгі таңда парасатты тұлға қалыптастыруға қажетті шешуші фактор ретінде білім беру жүйесіне үлкен мән беруде. Себебі қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және руха-

ни дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды қажет етеді.

Бүгінгі ақпарат заманында ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері қолданылатын, қызмет көрсету саласы рөлінің арта түсуіне байланысты еліміздің бәсекеге қабілеттілігі, адам капиталы туралы мәселесі күн тәртібіне қойылуда.

Әдетте, педагогикалық қызметті жобалап, ұйымдастырып талдай білу, сонымен оқушылардың оқуын ұйымдастырып, басқара білу нәтижесін бағалау теориялық және әдістемелік әзірліктің өзара байланыста болуын көздейді. Мұның өзі болашақ мұғалімнің кәсіптік әзірлігін жетілдіре түседі. Психология-педагогика ғылымында студенттерді әдістемелік әзірлеу мәселелеріне барған сайын жіті назар аударылып отыр. Өйткені, мұның өзі оқытушының мектептегі және басқа оқу орындарындағы жұмысының сапасына тікелей байланысты болмақ.

Осы айтылғандардан шығатын қорытынды мынадай: студенттердің ғылыми-теориялық ойлауын дамыту арқылы педагог зерттеп отырған объектісінің басты байланысын табуға мүмкіндік алады. Содан кейін оның мазмұнын бірте-бірте кеңейте отырып, жаңа байланыстар ашуға, сөйтіп, зерттелініп отырған объектісінің тұтас бір бейнесін жасауға ұмтылады. Біз мұндай талдаудың құрамдас бөліктері ретінде психология саласында А.Н. Леонтьев [1] қолданған орындаушылық қызметтің функциялық құрылымын зерттеу әдісін пайдаланамыз. Онда пәнді қайта құрудың жекелеген әрекеттері, нәтижені бағалау әрекеттері атап көрсетіледі. Болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру мәселесі кәсіби даярлаудың құрамы бөлігі ретінде көптеген ғалымдардың зерттеулеріне негіз болды. Рес-да бұл бағытта С.Рахметованың, Б.А. Тұрғынбекованың, Ш.Х. Құрманалиеваның, Т.Қ. Оспановтың, Б.М. Қосановтың, Ж.Т. Қайыңбаевтың еңбектерін атауға болады.

Педагогикалық іс-әрекет құрылымында бірнеше элементтерді бөліп қарастыруға болады. *Бірінші*, – әлеуметтік құбылыстарды қоғамдық мақсат пен міндеттерді педагогикалық мақсат пен міндеттерге өзіндік ауыстырудың педагогикалық интерпретациясымен байланысты. Мұнда педагогтардың алдағы іс-әрекеттерді болжай және көре алуы туралы сөз болады. *Екінші* – элемент оқу-тәрбие әрекетіндегі технология мен құрылымдарды әдістемелік тұрғыдан ойластыруды қамтиды. *Үшінші* – сыныптан тыс және мектептен тыс әрекеттердің әр түрлі ақпараттық және тәрбиелік мүмкіндіктерінің әлеуметтік ортаға әсерін педагогикалық құрал ретінде қосалқы түрде ұйымдастырады. *Төртінші* – элемент жеткен нәтижені талдау және оған қойылған мақсат пен міндеттерінің сәйкестігімен байланысты. [2]

Жалпы басқару жүйесінің теориялық тұрғысынынан оқу-тәрбие процесін қарастыра отырып, педагог тарапынан студенттердің білім және тәрбие алуының әр сатысында оқу бағдарламасына сай қойылған мақсаттардың арасындағы үйлеспеушілікті есепке ала отырып, студенттер әрекетін анықтау нәтижелері негізінде жасалады. Осындай үйлеспеушіліктің болуы педагогтың білім алушы әрекетін басқаруы, сондай-ақ ықпал етудің түрлі формаларын, әдістері мен құралдарын ауыстыру немесе күшейту арқылы түзетулер енгізуіне алып келеді.

Осылайша, білім берудің әртүрлі сатыларында студенттің жағдайынан хабардар болудың өзі педагогқа білім беру әрекетін басқарып қана қоймай, ең бастысы кейіннен оның әлеуметтік-психологиялық және жеке бастық қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Педагогикалық заңдылықтарды зерттеу қандай болмасын педагогикалық процесстің үлгілеуі (моделирование) болып табылады. Бұл педагог-зерттеушіні міндетті түрде оқу-тәрбие процесінің белгілі тараптарын өлшеу міндетіне жетелейді, ондай міндеттерді орындау зерттеушінің педагогикалық құбылыстар мен процесстерді сапалық субъектілік сипаттаудан қатаң сандық сипаттауға өту проблемасын қалай түсінетіндігіне байланысты болады.

Педагогикалық зерттеулердің органикалық құрамдас бөлігі ретінде өлшеуді атауға болады. *Өлшеу* – оның дәлдік шамасын арттыратын танымның маңызды құралы. Ол бірлік ретінде қабылданатын, өлшенетін шаманың ұқсас шамамен салыстыруды болжайтын, эмпирикалық-математикалық әдіс. Педагогикадағы өлшеудің атқаратын қызметі – даму деңгейінің сандық көрінуінде, белгілер мен қасиеттердің болуы мен жиілігінде, оқу-тәрбие процесінің әсерімен өзгереді. Әдетте, өлшеу – *тікелей* және *жанана* деп бөлінеді. Тікелей өлшеу өлшенетін объектінің белгілі бір нормативпен, эталонды өлшегішпен салыстыруда көрінеді. Педагогикалық зерттеулерде ол сирек кездеседі, мысалы, оқушылардың дене дамуында (толықтығы, бойы, т.б.), көп жағдайда, жанана өлшеу қолданылады. Оқушылардың білім және біліктілік деңгейі, олардың моральдық сапалары, тәртіптері, т.б. тек жанана түрде ғана өлшенуі мүмкін. [4]

Нысанның немесе құбылыстың қасиеттерін өлшеу философиялық тұрғыдан – «шынайылықты көрсету тәсілі» деп аталады. Осындай түсіндірмеге сәйкес, педагогикалық құбылыстың белгілі бір жақтарын өлшеместен бұрын, оны түбегейлі және жан-жақты қарастыру қажет. Оларды жеңілдету, сызбаларға сыйдыру құбылысты сандық тұрғыдан сипаттауға көшіреді және тиісті математикалық тәсілдер мен құралдарды қолдану мүмкіндігін тудырады. Педагогикалық құбылыстарды сипаттау жағынан жоғары деңгейге қол жетізіп, соның нәтижесінде олардың өзіндік қасиеттері арасындағы қарапайым өзара байланысты айқындауға да, оларды тектес құбылыстар класына да қатысты қолдануға болады. Осы арада құбылыстың сапалы жақтарын болжаудың сәтті болуы оны зерттеу барысында кездейсоқ немесе маңызды жақтарының қажеттілігі анықталады.

Шынайылықты сызбаға сыйдыру және жеңілдету тәсілдерін педагогиканың өзі қолданады, себебі кез-келген ғылым абстракция көмегімен препарация жасау арқылы және қатаңдық шарасын қолдану арқылы өз нысанын зерттей алады. Осы педагогикалық құбылыстың ерекшеліктерін өлшеу барысында математикалық аппаратты қолдану сызбалардың көптеп енгізілуіне және педагогикалық құбылыстың маңызды тұстарының назардан тыс қалуына әсер етеді. *Біріншіден*, әр зерттеуші үшін «өзіндік» математикалық аппарат болуы керек. Бұл есептеу тұрғысынан түсінікті қарапайым түсінік болып табылады. *Екіншіден*, педагогика саласында көлемдерді өлшеудің ортақ тәсілдері болуы қажет деп ойлаймыз.

Педагогикалық құбылыстың түрлі қасиеттерін өлшеу проблемасы оның сапалық үлгісін айқындау сатысында кездеседі. Сөйтіп педагогикалық құқықтың негізгі жақтары анықталды. Мұны өлшеп білу жалпы өлшеу реттемесіне тікелей байланысты болады. Себебі кез келген физикалық көлемді n бірліктің бірнеше санымен белгіленетіні мәлім. Сонымен n -нің мәні берілген көлемнің бірлік өлшеміне сәйкес болғандықтан, ыңғайлы болу үшін физикалық көлемді өлшеу үшін барлық жерде бір ғана ортақ бірлікті қолдану шартталған, ал өлшеу деген мағынада өлшенетін көлемнің өзі тектес бірлік көлемімен салыстыру процесі деп түсіну ұйғарылған. Осындай өлшеудің нәтижесінде, зерттеліп отырған көлемнің бірнеше бірлікті құрайтын сандық мәніне қол жеткіземіз. Өлшеуді – эталонмен салыстыру процедурасы ретінде түсіну тұжырымдамасын зерттеушілердің, сондай-ақ педагогтардың басым бөлігі қолдайды. Бұл объективтік эталондардың болмауына ғана емес, негізінен, біртектес педагогикалық көлемдерді салыстыруға мүмкіндік тудыратын нақты сандық заңдылықтардың болмауына келіп тіреледі. Осы тұжырымды анықтау үшін физика тарихынан алынған мысалға жүгінейік.

Адамзаттың сандық деңгейде өлшеген мөлшерлер ұзындық, уақыт және салмақ болғанға ұқсайды. Алайда сандық өлшеуге көшпес бұрын, жекелеген заттар мен құбылыстардың ұзақтығы мен кеңістіктегі ұзындығы ұзақ бақыланды, одан кейін аталмыш мөлшерлер абстракцияланды соңында ұзындық, уақыт және салмақ секілді қасиеттерге қатысты коммутативтілік және санға қосу мен көбейтудің транзиттілігі, қосу мен көбейтуді дистрибутивтілігі секілді операцияларды айқындауға алып келді. Қарастырылып отырған физикалық заттар мен құбылыстардың аталмыш қасиеттері өркениеттің дамуының ерте кезеңдерінде-ақ адамға ұзындықты, уақыт пен салмақты өлшеу үшін қарапайым әрі ыңғайлы метрикалық шкалаларды қолдану мүмкіндігін тудырды. Шынында, академик Н.Н. Луиннің айтуынша, кез-келген физикалық көлемді өлшеу міндетінің өзі әрқашан анық белгіленбеген міндет болып қала беретінін ескеріп жүрген жөн.

Бірқатар психологиялық-педагогикалық зерттеулер өлшеу проблемаларының басты мәселесі – нені өлшеу керектігін көрсетеді. Себебі әр зерттеуде оқу-тәрбие процесін зерттеудің өз міндеттері қойылады. Екінші жағынан оқу-тәрбие процесі түрлі жақтарының мазмұнының ашылуы қалай өлшеу керектігіне яғни келесі маңызды мәселенің дұрыс шешілуіне байланысты болып табылады. Қалай өлшеу керек деген мәселе көтерілген кезде тиісті педагогикалық өлшеу құралдарын құрып қолданумен байланысты міндеттер кешенін талқылауға тура келеді.

Әрине, нені және қалай өлшеу туралы мәселелер өзара тығыз байланысты, себебі олардың әрқайсысы да эмпирикалық нысан қасиеттерін қамтумен және оларды зерттеу деңгейімен анықталады. Сонымен қатар осы мәселелерді көтеру және мазмұндарын ашу біз қарастырып отырған күрделі әрі құрылымы әлсіз өлшеу проблемаларының шешу гнесеологиялық функциясын қамтып қана қоймай, сонымен қатар оның әдістемелік негізін құрайды. Бұл осы проблеманың өзін өзара бірегей логикалық зерттеумен байланысқан ең басты екі бағытта жетілдіру мүмкіндігін тудырады. Олар:

– қасиеттерін бөліп көрсету және оларды жеке бастың психологиялық процестері мен қасиеттерін есепке ала отырып, оның қасиеттерін бөліп көрсету арқылы эмпирикалық нысан мазмұнының моделін құру.

– эмпирикалық нысан құралдары мен процедураларын жетілдіру және оларды білім беру саласындағы түрлі педагогикалық мәселелерді шешу практикасына енгізу.

Осылайша, өлшеу проблемасын жетілдіру педагогика саласында екі өзара байланысқан міндеттерді шешуді көздейді. *Бірінші* мәселе психологиялық-педагогикалық зерттеулерде орын алса, *екіншісі* – тек конструктивті шешім бойынша анықталады.

Студенттің жоғарғы оқу орнындағы әрекеті қоғамдық-әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізілгендіктен, оны ғылыми тұрғыда негізделген зерттелуі үшін және білім және тәрбие беру барысында қалыптасуы мен басқарылуы студенттің жеке тұлға ретіндегі, әрекет субъектісі ретіндегі жағдайын сипаттаудың негізін құрайды. Осы тұста Б.Г. Ананьевтың тұжырымы бойынша, *бірінші* тобына – жас ерекшелік – жыныстық ерекшелік және жеке бастық – типтік ерекшеліктерді жатқызуға болады, олар студентті индивид ретінде сипаттап береді. Б.Г. Ананьевтің айтуынша, жас ерекшелік – жыныстық ерекшелік және жеке бастық – типтік ерекшеліктердің өзара әрекеті оның психикалық-физиологиялық функциялар динамикасымен қатар (сенсорлық, мнемоникалық, вербалды-логикалық және т.б.), оның органикалық қажеттілік құрлымына да ықпал етеді. Ерекшеліктердің *екінші* тобына студентті жеке тұлға ретінде сипаттайтын қасиеттерді жатқызамыз. Олар мыналар: мәртебесі, ролі және құндылық бағыттары, олар студенттің ынтасы мен жүріс-тұрысын сипаттап қана қоймай, оның мінез-құлқын да сипаттайды. Бейімділіктері, сондай-ақ оның қоғамдық жүріс-тұрыс құрлымы, жеке бастық қасиеттері. *Үшінші* топқа студентті әрекет субъекті ретінде сипаттайтын барлық қасиеттерді жатқызамыз. Б.Г. Ананьев бұл топқа сана мен әрекетті де жатқызады.

Білім алушының кез келген қасиетін өлшем нысаны ретінде қарастыра отырып, келтірілген классификацияның басқа да маңызды әдістемелік жағын да атап өтуге болады: кез-келген қасиет осы арада білім алушының жай-күйін анықтайтын функция ретінде орын алады (психикалық, психофизиологиялық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық). Оларды білу және бағалау жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие процесін басқаруда және ұйымдастыруда маңызды құрал бола алады. Сонымен білім алушы әрекетінің көптеген қасиеттерінің аз зерттелгендігінен, ең бастысы-оқу тәрбие процесін ұйымдастыру мен басқаруда стандартталған әдістемелер мен олардың бағалауларының жетілмегендігі болып табылады. Әдетте педагог қажетті білім-тәрбие беру құралдарын таңдауда студентке білім берудің бір-екі психологиялық-педагогикалық заңдылықтарын есепке алады. Осыған байланысты көптеген ерекшеліктерін есепке алу мәселесі туындайды, оларды бағалап және олардың арасындағы қажетті байланыстарды анықтап, мазмұндық мағынада түсіндіріп береді. Алайда тәлім алушы әрекеті қасиеттерінің төмен деңгейде зерттелуі кез-келген психологиялық-педагогикалық зерттеудің нәтижелерін сипаттау туралығына әсер етеді. Соның нәтижесінде эмпирикалық нысан қасиеттерін анықтауда және оның құрылымын түсіндіруде түрлі тұжырымдар туындайды.

Білім алушының жадысындағы күрделі процестерді қарастыра отырып, тағы бір аса маңызды жағын бөліп көрсету қажет: бұл арада жатталған материалды айту сөз болып отыр, оның механизмі де өзінше күрделі және арнайы психологиялық зерттеу пәні бола алады. Осы зерттеулерден көріп отырғанымыздай, кез-келген жаңғырту – қандай да бір затты немесе ұғымды тану болып табылады. Осы арада білім алушы оқу ұғымын оның көрнекі-бейнелік үлгісі тұрғысынан ашады. Сонымен, мысалы, тану деңгейінде «белгісіз интеграл» ұғымын жаңғырту жағдайында, студент оның анықтамасын айтқаннан гөрі, символдық белгілеуін жазып бере алады.

Осылайша, психологиялық-педагогикалық сипаттамалар студенттерге білім берудің бірнеше жалпы және локальді түрде әрекет ететін заңдылықтарын көрсетеді: педагогика мен психология саласында жаңа ғылыми деректердің пайда болуы және жинақталуы эмпирикалық нысандардың қасиеттерін сипаттау барысында маңызды эмпирикалық нысандарды толықтай анықтау мүмкіндігін береді. Сонымен қатар эмпирикалық нысан кез-келген зерттеліп отырған қасиеттерді есепке алу студенттің индивид ретіндегі әрекетінің маңызды жақтарын қамтиды. Субъектіде белгілі бір әрекеттер жүйесінің болуы – өлшем нысаны сипаттамасын жасап қана қоймай, сондай-ақ тиісті факторларды айқындауға көмектеседі.

Эмпирикалық нысандарын сипаттау арқылы өлшем нысанын анықтау негізінен маңызды саты-

оқудан тысқары уақыттарда іске асырудың өзіндік мүмкіндіктері ескерілмеді. Ондай мүмкіндіктер педагогикалық-тәрбиелік үрдістер барысында болатын пәнаралық және интеграциялық үйлестіру идеяларын іске асыруды елемеуден де байқалатын.

Ал бүгінгі уақыт, білімді түбегейлі қайта құру міндетін алға қойды: білімді демократияландыру, көпсалалық пен саналуандық, аймақтық ерекшеліктерді есептеу, гуманизация, ашықтық құбылыстары т.б. барынша жүріп жатыр. Бұл жерде, әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді жан-жақты оқып-үйренуден тысқары ондай білім жүйесі қалыптаспайтыны белгілі. Себебі білім беру мекемелері тек кәсіби дәрежесі жоғары маман даярлап қана қоймай, сонымен бірге ақыл-парасаты, кісілігі мол, зиялы азаматтар тәрбиелеп өсіруді мақсат етеді. Бұл мақсатқа жету үшін әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытуды негізгі мамандық беретін пәндермен өзара байланыста қарап, оны тәрбие ісімен де ұштастырып, оқу бағдарламасын осыған сәйкес негіздеп құрудың маңызы зор. Бұл арада, ең алдымен, бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлаудың мән-мағынасының ерекшелігін естен шығаруға болмайды. Өйткені бастауыш сынып мұғалімі мектеп қабырғасына алғаш келген баланың тұлғасын әуелгі болып сомдайтын, оның мінез-құлқын, талғамын қалыптастыратын күрделі тұлға. Ол оқу-тәрбие ісіндегі сан алуан мәселелерді көбінде өз іс-әрекетімен шешеді. Демек, бұл жерде оның жан-жақтылығы көбіне-көп жоғары оқу орындарында алған теориялық, әрі практикалық білім деңгейімен өлшенеді.

Әрине, бастауыш сынып мұғалімдері мемлекеттік стандартқа сай бекітілген оқу жоспарында қарастырылған пәндер негізінде білім алады. Оның ішінде, әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің құрылымына келсек, ол қазіргі қоғамның саяси-әлеуметтік дамуының түр-сипатын саралаумен бірге өскелең ұрпақты нарықтық экономикалық және басқа да жаңа тұрпатты қатынастарға бейімдеп, әлеуметтендіруге айырықша назар аударуға негізделген.

Біздің көңіл бөлмекші мәселеміз, осы әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқып-үйренудің барысындағы пәнаралық байланыстың арқауы мен өзек-арнасына тоқталып, оны жекелеген пәндерді оқытуды мысалға алу арқылы, әсіресе, осы пәндерден теориялық білім берілетін ұлттық тәрбиеге айрықша көңіл бөлу жолдарымен шешудің мүмкіндіктерін қарастыру.

Ең бастысы, қоғамның саяси-әлеуметтік дамуының бүгінгідей аумалы-төкпелі кезеңінде, әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту жүйесінің сол қоғам дамуының талаптарына сай білім мазмұнын белгілеп алу. Оның нәтижелі болуы, көбіне-көп қоғамдық дамудағы мемлекеттілікті негіздеген қазақ халқының түсер жолының түрін айқындаумен байланысты сияқты. Ал мұны айқындаудағы асығыстық тұжырымдар халыққа береке әпермейді. Өйткені қазір “құқықтық мемлекет”, “азаматтық қоғам” жайында науқандық сипат алған даңғаза пікір алмасулар күнгірт тартып бара жатқан сыңайлы. Осындай жағдайдағы әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың барысындағы пәнаралық байланыстың негізгі арқауы және көзге көрініп тұрған нақты өмірдің шындығы республикада ғұмыр кешіп жатқан халықтардың өзара ынтымақтастығына байланысты нәтижелі болмақ. Яғни, әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді жүргізетін мұғалімдердің ой-сапасы осы қағиданың шеңберінен шықпағаны жөн дер едік. Осы қоғамдық пән мұғалімдері жаңағы ынтымақтастықтың ұйытқысы қазақ халқы екенін бір сәт естен шығармаса, ол оқытқан болашақ маман жүре келе, ұлттар арасындағы жікшілдік пен алауыздықтың тамырына балта шабудың әуелгі жаршысының біріне айналар еді.

Қазіргі Тәуелсіздік жағдайында қазақ ұлтын асқақтатудың бір-ақ жолы бар, ол – терең білімділік. Сонда ғана қазақтарға басқа ұлттар сыйлаушылық көрсетеді. Ал егер республиканың бүгінгі өтпелі кезеңіндегі білім жүйесінде шағын комплектілі мектептерден бастап жас өспірімдерге білім беруде осалдық көрсетілсе және ондай мектептерде негізінен қазақтардың оқып жатқанын ескерсек, болашақта қазақтар арасында білім берудің сапасына нұқсан келіп, нәтижесінде **мемлекеттің негізін қалаушы қазақ ұлтына** деген басқа ұлттардың сенімі азаяды. Өткен тарихқа ден қойып қарасаң, қазақ халқы ежелден парасатты, зерделі, зерек, өмірге тез икемделгіш, жауынгер, жасы үлкенді сыйлай білетін ел болған. Дүйім қазақ мұндай жетістіктерге қазақтың ауызша тарихын жан-жақты білу арқылы қол жеткізген. Мұны білген патшалы Ресей қазақ халқын рухани қасиетін сақтайтын мінез-құлқынан ажырату үшін кешенді саясат жүргізіп отырған. Оны кеңес үкіметі әрі қарай жалғастырып, ғасырлар бойғы қазақтар үшін тарихи білімнің ұйытқысы болып келген қазақтың ауызша тарихын ұлтшылдық пен рушылдыққа жатқызып, бірнеше ұрпақты ата тарихы мен ел тарихын білуден алшақтатты.

Қазақ халқы ұлт дәрежесіне көтерілмес үшін, оларды зердесіздікке ұрындыру мақсатында «қазақтың оқуы болмаған, білімсіз, дарынсыз, өнерсіз, көшпенді жұрт» деген үгітін үздіксіз жүргізумен қатар, оны жүзеге асыру үшін біз қолданып келген көне араб әліппесін әуелі латын графикасына көшіріп, одан кейін кириллицамен ауыстырады. Нәтижесінде сан ғасырлық тарихымыздан, ұрпаққа беретін тәрбиелік өсиетінен, өмірлік мәні зор көптеген ғылыми-тәжірибелік кітаптарымыздан айырылды.

Міне, осыған орай қазіргі мемлекет басшылары тарапынан ішкі саясатының түп қазығы ретінде әр халықтың өзіндік ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің алуан түрлілігін сақтай отырып, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді тұрақтандыруға айрықша мән беруде.

Мәселенің бұлай қойылуы әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың барысында ұлтаралық қатынасты одан әрі жетілдіруді, халықтар достығын талмай насихаттауды, ең алдымен жастардың бойында ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелеуді талап етеді.

Ұлтаралық қатынас мәдениеті – бұл әр түрлі ұлт өкілдерінің бойында татулықты, өзара түсінушілікті, сыйластықты, ұйымшылдықты, коллектившілдікті, ізгіліктілікті, имандылықты сезіну, өз халқының өзіндік ұлттық мәдени ерекшеліктерін сақтай отырып, басқа ұлтпен ұлыстардың өскелең өмір тәжірибесін, тұрмыс салтын, дәстүрін, шаруашылықты жүргізу тәсілдерін, рухани байлығын, өнерін, мәдениетін меңгеруге ұмтылушылық пейілін қалыптастыру, ұлттық менмендікке, шовинистік дандайсушылыққа, басқа ұлт пен ұлыстарды жек көрушілікке ымырасыздықты орнықтыру. Осы арада әрбір қоғамдық пән мұғалімі мемлекеттік биліктің негізгі субъектісі рөлін атқарып отырған қазақ халқының шылауына жармасқан жікшілдік пен алауыздықтан арылар уақыттың жеткендігін студент назарына салып отыру керек. Өйткені қазақты рушылдық пен жүзге бөлушілік қашан мұратқа жеткізіп еді? Бұл орайда ағайынгершілікке, туыстастыққа, бауырластыққа, ынтымақ-тастыққа, береке-бірлікке, тату-тірлікке үндейтін ой-сананың негізін қалаған ұлы жыраулар мен билер ұлағатына жүгінген лазым.

Айталық, жүзге, одан руға бөлініп жүрген қазақты XVIII ғасырда Жоңғар қалмақтары шауып ала берді. Әсіресе, 1723 жылы тарихымызда қаралы кезең болып жазылған “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға” ұшыраған қазақ халқы бірікпесе жау қолынан қырылып, жері мен оның қойнауындағы байлықтан айырылып қалатынын түсінген Қожамберді, Бұқар жыраулар шашырап жүрген қалың қазақтың басын қосуға хандармен бірдей атсалысты. Олар ханның қате шешімдерін айыптап, түзу жолдан таймауына дем беріп отырды. Ел басын біріктіруді қолдаған Бұқар жырау “Ей, Абылай, Абылай” деген өлеңінде үш жүздің басын қосып, жауға күйрете сокқы берген Абылайды мадақтағанын көреміз. Олай болса, бұл арада, Бұқар мен Абылайдың тізе қосып, ел қамын ойлағандығы, саясаткерлігі, көрегендігі, даналығы, тарихтағы орны, әдебиеттердегі сипаты сияқты кесек-кесек мәселелер әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің ұлттық бірлікті жандандыра түсудегі өзара байланыстарын “мен мұңдалап” көрсетіп тұрған жоқ па?

Бертін келе, Ұлы билердің арқасында қазақ хандығында қандас туыстық және жерлестік қағидаларын тел емген, олардың тұтастығын баянды қылуға бағытталған, халықтық-этникалық ой-сана үстем болды. Билер “Жүзге бөлгеннің жүзі күйсін” деген сияқты өз қағидаларын халық санасына ғасырлар бойы сіңіріп келді. Соның нәтижесінде табиғи тапқа жіктелу үрдісі антагонистік сипат ала алған жоқ. Ал, қазір сол таптық антагонизмді қолдан жасамақпыз. Оның салдары кеңестік дәуірде де шаң берген еді ғой. Отызыншы жылдары қазақ халқы жойылып кетудің аз-ақ алдында қалған жоқ па еді? Ендеше “Қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ” деген дағдылы авантюристік ұранның орнына “қазақтың қазақтан басқа досы жоқ” деген ұранды көтеру барлық әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің аясына сиып тұр. Абай айтпаушы ма еді “біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос” – деп. Демек, бұл сөз тіркестерінің мазмұнын ашу да әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің тақиясына тар келмейді. Тіпті бұл сол пәндердің ұлттық мәдениетті дамыта түсу бағытындағы байланыстарына дем беріп, қанат бітірейін деп тұрған жоқ па?

Ал, ұлтаралық қатынас мәдениетін насихаттаудағы әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің өзара байланысының өзегі болашақ маманға шынайы таза интернационалистік тәрбие беру, туған өлке, оны мекендеген халықтар, ұлттар мен ұлыстар тағдырына жауапкершілік, ана тіліне, ата салтына, ел тарихына сергек көңіл, сезімтал жүрекпен қарау т.б. Ал тарих мәселесіне келсек, ол жаман да, жақсы да бола алмайды. Ол тарих, біздің аталарымыздың, әкелеріміз бен шешелеріміздің, аға-жеңгелеріміздің, аға ұрпақ өкілдерінің басып өткен жолы. Отызыншы жылдары аштық, қуғын-сүргін болды. Бірақ Түрксіб, индустрияландыру, шөл жерлерді игеру, Ұлы Отан соғысы жеңім-

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 3 (31), 2011 г. паздарының жүрекжарды қуанышы мен мақтанышы да болды ғой. Мұның ешқайсысы ұмтылмайды, олардың бәрі халық санасында, ел есінде мәңгі қалып отыр. Жұртшылық жақсылықты жылылықпен еске алып, келер ұрпаққа үлгі-өнеге тұтады, жамандықтың қайталанбауын тілейді. Бұл арада да әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің байланысуына жол ашық. Болашақ мамандарға ұлтаралық қарым-қатынас туралы жан-жақты нақтыланып жинақталған, түйсік-түсініктер мен ұғымдарды, ғылыми білімдер мен көзқарастарды меңгерту сияқты мәселелер сол жолдың негізгі буындары болып табылады. Ал сол жолға түсірудің басты шарты әрбір пән мұғалімінің болашақ маман бойында “ұлт”, “ұлтаралық қарым-қатынас”, “ұлттық мақтаныш”, “ұлттық психология ерекшеліктері” т.с.с. ұғымдардың мән-мағынасын толық түсіндіруге күш сала білуі.

Сонымен шағын комплектілі мектептерге мамандар даярлау үшін әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқып-үйренудің барысындағы пәнаралық байланыс мазмұнының кейбір жақтарына тоқталып өттік. Ал осылардың басын қосып тұжырымдық түйін жасайтын мәселені сөз етсек, ол қазақ халқының ұлттығының, елдігінің тұтастығын дүние жүзі халықтарына танытатын қасиеттерін болашақ маманның ой-санасына сіңіру. Сонымен бірге ұлтаралық қатынас мәдениетін бойына дарытып, халықтар арасындағы достықты, татулықты, өзара түсінушілік пен сыйластықты үнемі дәріптей алатындай дәрежеге жеткізу.

1. Суворова Г.Ф. Урок в малокомплектной школе – Советская педагогика. 1986. – №12. – С. 66-69.
2. Ирошиников Н.П. Обучение математике в малокомплектной школе /4-8 кл./: Кн. Для учителя. – М.: Просвещение, 1988. – 189 с.
3. Зайкин М.И. Феномены малокомплектных школ. – Горький: Волго-Вятское кн. изд-во, 1990. – 143 с.
4. Шестилетки в малокомплектной школе / Сост.. Кузнецов В.И. – М., 1990. – 197 с.
5. Особенности педагогического процесса в малокомплектной школе: Из опыта работы / Фролов П.Т., Соловецкий И.С., Решетников П.Е. и др. / Под ред. Фролова П.Т. – М.: Просвещение, 1991. – 160 с.
6. Демчинская А.П. Особенности взаимоотношений учителя и учащихся в малокомплектной школе – Советская педагогика. 1990. – №4. – С. 39-40.
7. Особенности учебно-воспитательного процесса в сельской малокомплектной школе / МежВУЗ. сб. науч. Тр. – Ярославль: Кострома, 1984. – 104 с.
8. Адильгазинов Г.З. Педагогические основы подготовки учителя к управлению процессом обучения в малокомплектной школе: теория и практика (монография). – Усть-Каменогорск: Изд-во ВКГУ, 1997. – 180 с.
9. Адильгазинов Г.З., Хмель Н.Д. Особенности организации управления педагогическим процессом в малокомплектной школе: Учебное пособие. – Усть-Каменогорск.: Изд-во ВКГУ, 2002. – 267 с.

12 ЖЫЛДЫҚ МЕКТЕПКЕ ЖАҢА ТҮРПАТТЫ ҰЛТЖАНДЫ МҰҒАЛІМ ҚАЖЕТ

Қ.Бөлеев – Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор,
Л.Қ. Бөлеева – п.ғ.к., доцент

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мұғалім тұлғасына өзіндік талаптар қойылуда. Сол себепті «12 жылдық мектеп мұғалімі қандай болуы керек?» деген сұраққа жауап іздеу көкейкесті проблема болып отыр.

Жоғары мектеп педагогикасы ғылымы сол ізденістердің алдыңғы шебінен табылуда. Айталық, Ресей ғалымы Л.М. Митина «Учитель как личность и профессионал» атты еңбегінде мұғалімге тұлғалық және кәсіптік қасиеттері тұрғысынан келе отырып, оған тән болуға тиісті **35 көрсеткішті** атаған. Олар: сыпайылық, ойшылдық, байқағыштық, өзін-өзі ұстай білуі, мінез-құлығын бағдарлай алуы, қайырымдылық, идеялық сенімділік, ісіне мұқияттылық, бастамашылдық, ісіне шынымен ықыласты болуы, ұжымшылдық, саяси саналылық, бақылау ісіне қабілеттілік, тыңғылықтылық, жауаптылық, балаларға сүйіспеншілігінің мол болуы, бала сұранысына сергектік, өзін-өзі ұйымдастыра алуы, адамдық арақатынастағы ашықтық, тәртіптілік, әділдік, педагогикалық ой-өрісінің жоғарылығы, көрегендік, принципшілдік, өз еркімен әрекет ете алуы, өзіне-өзі сыншы бола алуы, қарапайымдылық, шыншылдық, тез ойлау және шешімділік, батылдық, өзін-өзі жетілдірушілік, үлгілі болуы, жаңаны сезінгіштік, өз қадірін сақтай алатын болуы, сезімталдық, эмоцияға бай болуы. [1]

Мектеп мұғалімінің қызметі мен тіршілігін әлеуметтанушылық тұрғысынан қарастыра келе, В.Я. Нечаев өзінің «Общество и образование» атты іргелі еңбегінде оның мынадай қабілетіне ерекше назар аударады: отбасы және мектепке дейінгі тәрбие тәжірибесін қабылдап алушы; «оқу» деп аталатын ерекше тіршілік режимін қалыптастырушы; оқу қызметі барысындағы арабайланыстардың құрылысшысы; оқу материалдарын даярлаушы; өмір тәжірибелеріне оқулықтық сипат беруші; оқу еңбегі барысындағы оқушылардың ішкі дүниесі құбылыстарын әлеуметтік-психологиялық сезінуші; оқу еңбегіне байланысты адамаралық құбылыстарды танып білуге іргелі ғылыми және методологиялық даярлығы; оқыту әдістері мен технологияларын меңгергені; білім мазмұнының оқушылардың жекебастық сұраныстарына бейімдеу шеберлігі; оқушылар қабілетін алдын ала берілген үлгіге, яғни, стандарт деңгейіне бейімдеп жеткізуі; оқу процесін бақылау, талдау және істелетін істі оны алғышарттарын есепке ала отырып анықтау; оқыту ісіне сенімділігі мен іштей бағдарлануы; мұғалімдік ұжымның ынтымақтас қауым екеніне түсіністікпен қатынасы, шығармашылық жасампаздығы. [2]

Қазақстандық әлеуметтанушы-ғалым Т.Ж. Қалдыбаева өзінің «Бәсекеге қабілетті Қазақстан Республикасы тұрғысындағы ХХІ ғасыр мұғалімі» атты ғылыми еңбегінде Қазақстан мектептерін білікті мұғалімдермен қамтамасыз ету проблемалары туралы айта келіп, мұғалімдік мамандықты таңдаушылардың әлеуметтік-мотивтік негіздері мен болашақ мұғалімдердің талап тілектері, қазақ мектептерінің білікті мұғалімдермен қамтамасыз етілуі, мектеп мұғалімінің әлеуметтік және мәдени проблемалары, мектеп мұғалімін кәсіптік даярлауға байланысты праксеологиялық қойылымдар мен тұжырымдамалардың жасалуын қарастырған. [3]

Дегенмен, аталған еңбектерде мұғалімдердің **ұлттық тәрбиелік құзырлығына** мән берілмеген, әсіресе бұл мәселе Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда айрықша көңіл бөлетін проблемаға айналып отыр. Өйткені 12 жылдық білім беретін мектептің мұғалімі қандай болу керек деген сұрауға жауап беру қажет.

Қазақстанның 12 жылдық білім беруге көшуі жалпы білім беретін қазақ мектептерінің оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу [4] және жаңа формация мұғалімін даярлау [5] міндеттерін шешуді қойып отыр. Сондықтан еліміздегі мұғалім мамандықтарын даярлайтын оқу орындарының алдында «Жаңа формация мұғалімі – ол рухани – адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға, рефлексияға қабілеті басым, экологиялық білімді, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылысы, әдіснамалық қалыптасуының жоғары деңгейін сипаттайтын әлеуметтік, тұлғалық, коммуникативтік, ақпараттық және біліктіліктің басқада түрлерін меңгерген құзырлығы жоғары маман» [5] даярлау міндеті тұр.

Біздің қосарымыз құзырлығы жоғары ондай мұғалім ұлтжанды болу керек. Сонда оны жаңаша **«жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім»** деген ұғыммен сипаттауға болады. Сонымен, жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім даярлаудың мазмұны және оның нобайын жасау қажет. Өкінішке орай, ондай мұғалімді дайындаудың нобайы қазақ педагогика ғылымында әлі шешімін таппаған көкейкесті проблема.

Біздіңше, **жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім** деп өз пәнін және оның әдістемесін жан-жақты меңгерген, қазақ этнофилософиясы, этнопсихологиясы, этнопедагогикасы және этнопедагогика тарихы білімдерімен қаруланған, оқушыларға ұлттық тәрбие беру іскерліктері мен дағдылары қалыптасқан мұғалімді айтуға болады.

Болашақ мұғалімдерді жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім етіп дайындаудың негізі – «Қазақ этнопедагогикасы» және «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» атты оқу пәндері. Өйткені «Қазақ этнопедагогикасы – жалпы педагогика ғылымының құрамдас бөлігі, оның саласы, ол қазақ этнофилософиясының, этномәдениетінің, этнографиясының, этнос теориясының, фольклористикасының, этнопсихологиясының және этнопедагогика тарихының тоқайласуы аясында қалыптасқан, біртұтас жүйелі этнопедагогикалық білім беретін дербес оқу пәні», ал оның өз пәні – қазақтың ұлттық тәрбие үрдісі. [6]

Этнопедагогикалық білім – этнопедагогика ғылымының теориялық негіздері, **этнопедагогикалық іскерлік** – этнопедагогикалық білімдерді практикада қолдану қабілетіне ие болу, **этнопедагогикалық дағды** – ұлттық тәрбие беруге қажетті этнопедагогикалық іскерліктердің қалыптасуы.

Болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім берудің міндеті – оларды ұлтжанды ұстаз етіп даярлау, яғни олардың ұлттық санасы мен ұлттық дүниетанымын өз халқының тіліне, тарихына, мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне біртұтас етіп қалыптастыру.

Болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім мазмұны арнайы оқу бағдарламалары бойынша жоғары мектепте оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Этнопедагогикалық білім берудің аудиториялық формаларына: лекциялар, семинарлар, зертханалық және практикалық сабақтар, арнайы курстар, арнайы семинарлар мен факультативтер жатады. Ал аудиториядан тыс формаларына: экскурсиялар, рефераттар, конференциялар, диспуттар, конкурстар, олимпиадалар, курстық және дипломдық жұмыстар т.б. жатады.

Этнопедагогикалық білім беру әдістеріне: әңгімелеу, әңгімелесу, түсіндіру, пікірлесу, көрсету, талқылау, жаттығу, сұрақ-жауап т.б. жатады.

Этнопедагогикалық білім беру құралдары: ұлттық тіл, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, халық тарихы, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар, ұлттық өнер т.б.

Этнопедагогикалық білім берудің нәтижесінде болашақ мұғалімдердің оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлығы қалыптасады, яғни олар ұлтжанды ұстаз болып шығады.

Біз 1992 жылдан бастап бұрынғы Жамбыл, қазіргі Тараз Мемлекеттік Педагогикалық Институтында жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім даярлау бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүйелі жүргізудеміз.


Сол мақсатта «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындау тұжырымдамасын» жасап, оны институттың оқу үрдісіне ендірідік. [6]


Тұжырымдамада оның қажеттігі, мақсаты, этнопедагогикалық білім беру мазмұны, оның кезеңдері, оны жүзеге асыру жағдайлары мен жолдары көрсетілген.

«Жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім дайындау нобайын» жасадық (сурет 1).

Тұжырымдама мен модельді жүзеге асыру үшін арнайы «Қазақ тәлім-тәрбиесі» зертханасын ашып, оны талапқа сай жабдықтадық. Зертхана болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық дайындықтан өткізетін орталыққа айналды.

Қойылған проблема – болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәлім-тәрбие беруге дайындау үшін “Қазақ халқының этнопедагогикасы” атты оқу бағдарламасын жасадық. [7] Ол 1992 жылы мамыр айының 19-20 жұлдызында Алматы қаласында Білім Министрлігі мен Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдарының ғылыми зерттеу институты бірігіп өткізген “Халық педагогикасы мен психологиясы дәстүрлерінің оқу-тәрбие ісінде қолданылуы” атты ғылыми-практикалық конференциясында талқыланылып, оны жоғары педагогтік оқу орындарының оқу үрдісіне ендіру туралы шешім қабылданды. Бағдарлама баспадан шығарылып, Қазақстанның барлық жоғары педагогтік оқу орындарында таратылды. Қазір ол болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындауда кеңінен пайдаланылуда.





Сурет 1 – 12 жылдық мектепке жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім дайындау нобайы

“Қазақ халқының этнопедагогикасы” атты оқу бағдарламасы қазақ этнопедагогикасы ғылымының әдіснамалық, теориялық және практикалық бөлімдерден тұрады. Оларда қазақ этнопедагогикасы – ғылым, оның пәні мен міндеттері негізгі ұғымдары, зерттеу әдістері, басқа ғылымдармен байланысы және зерттеу көздері, сондай-ақ қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие түрлері – дене, еңбек, кәсіби, адамгершілік, имандалық, ақыл-ой, эстетикалық, музыкалық, экологиялық және отбасылық тәрбиелер қарастырылады. Және қазақ этнодидактикасы, мектептің оқу-тәрбие үрдісінде қазақ этнопедагогикасының материалдарын оқушыларға ұлттық тәрбие беруді пайдалану әдістемесі бойынша сұрақтар берілген.

Ал “Қазақ этнопедагогикасының тарихы” атты бағдарлама [8] Алматы қаласында 1994 жылы қарашаның 22-23 жұлдызында өткен “Қазақстандағы этнопедагогика мен этнопсихология ғылымдарының теориялық және қолданбалы проблемалары” атты ғылыми-теориялық конференцияда талқыланылып, оны да жоғары педагогтік оқу орындарының оқу үрдісіне ендіріп, пайдалану ұсынылды.

“Қазақ этнопедагогикасының тарихы” атты бағдарламасында Қазақстан жеріндегі педагогикалық ой-пікірлердің ілкі бастаулары мен көздері, ортағасыр ойшылдарының этнопедагогикалық ой-пікірлері, хандық дәуірдегі этнопедагогикалық ой-пікірлер, Қазақстанда ХІХ ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың басындағы этнопедагогикалық ой-пікірлер мен оқу-ағарту ісі, қазақ ағартушы-педагогтарының этнопедагогикалық ой-пікірлері, Қазақстанда Кеңестік кезеңдегі этнопедагогикалық зерттеулер және Қазақстанның егемендік алғаннан бергі қазақ этнопедагогикасы ғылымының дамуы қарастырылады.

Бағдарламаларға қажетті библиографиялық көрсеткіштер, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар және көрнекіліктер жасалынып, олар баспадан шығарылып, оқытушыларға, мұғалімдерге және студенттерге таратылды. [8-11]

Сонымен, арнайы оқу бағдарламалары, оған сай оқулықтар, оларға оқу-әдістемелік құралдар арқылы болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім беріліп, олардың этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдылары қалыптасып, олар жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім болып даярланады. Сондай мұғалім ғана жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыра алады. [12]

1. Митина Л.М. *Учитель как личность и профессионал.* – М., 1994.
2. Нечаев В.Я. *Общество и образование.* – М., 2005.
3. Қалдыбаева Т. *Бәсекеге қабілетті Қазақстан Республикасы тұрғысындағы ХХІ ғасыр мұғалімі.* – Өскемен, 2008.
4. *Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы.* – Астана, 2005.
5. *Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогының педагогикалық білім беру тұжырымдамасы.* – Астана, 2005.
6. Ұзақбаева С., Қожахметова К. *Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы.* – Алматы: Өнер, 1998.
7. Бөлеев Қ. *Қазақ халқының этнопедагогикасы. Оқу пәнінің бағдарламасы.* – Жамбыл, 1992.
8. Бөлеев Қ., Бөлеев Т.Қ. *Қазақ этнопедагогикасының тарихы. Оқу бағдарламасы.* – Жамбыл, 1994.
9. Бөлеев Қ. *Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындаудың теориясы мен практикасы.* – Алматы: Ғылым, 2001.
10. Бөлеев Қ., Арзымбетова Ш. *Қазақ этнопедагогикасы.* – Алматы: Нұрлы әлем, 2002.
11. Бөлеев Қ. *Қазақ этнопедагогикасы – ұлттық тәрбие берудің негізі.* – Алматы: Нұрлы әлем, 2008.

Резюме

В статье разработана модель подготовки будущих учителей 12-летней школы к национальному воспитанию учащихся. Показан опыт реализации этой модели в учебно-воспитательном процессе педагогических ВУЗов Казахстана.

Summary

In article the model of preparation of the future teachers to national education of pupils is developed. Experience of realisation of this model in teaching and educational process of pedagogical high schools of Kazakhstan is shown.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛЕРІМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

А.Бримқұлова – *М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің магистранты*

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «мектептерде инклюзивті білім беруді жетілдіру» міндетін алға қойған. [1] Осыған байланысты көптеген ұйымдар инклюзивті оқыту мәселелері мен айналыса бастады. Бірақ, белгілі ғалым Р.А. Сулейменованың өте дұрыс пайымдауынша арнайы білім саласында жеткілікті дайындыққа ие болмай инклюзивті білімді ұйымдастырумен айналысып отырған жалпы білім мектептерінің педагог қызметкерлері, әріне байсалды қауіптену тудырады. Өйткені «инклюзивті оқыту мәселесі өте шетін әрі күрделі мәселе, байсалды ғылыми зерттеулерді, дамуында ауытқысы бар балаларды интегративті оқытудың әртүрлі вариативті үлгілерін эксперименттік тексеруді талап етеді». [2]

Мүмкіндігі шектеулі балаларды ойдағыдай дамытын құрдастарының дамуы ортасына кірігуін қамтамасыз ету жапы білім беретін мектептерді инклюзивті оқытудың негізгі міндеттерінің қатарына жатады. Отандық тәжірибеде инклюзивті оқыту жалпы білім беретін мектептердің инновациялық іс-әрекетінің бағыттарының бірі болып табылады. Бұл мәселеде әлі де өз шешімін таппаған, әлсіз зерттелінген сұрақтар көпшілік. Атап айтқанда, жаппай мектептердің мұғалімдері де, оқушылар да, олардың ата-аналары да жалпы білім беретін мектептер тәжірибесіне инклюзивті оқытуды ендіруге толық даяр деюге болмайды.

Жалпы білім беретін мектептер тәжірибесіне инклюзивті оқытуды ендіру ең алдымен осы мәселені ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуді қажеттейді. Өйткені, мүмкіндігі шектеулі балаларды ойдағыдай дамытын құрдастарымен бірге оқыту мен тәрбиелеу жүйелі, жоспарлы, мақсатты үрдіс болғанда ғана оның тиімділігі туралы сөз болуы мүмкін.

Мақалада біз инклюзивті оқыту бойынша зерттеулерге теориялық талдау жасаудың негізінде оның бір қатар базалық модельдерін ашып көрсетуге әрекет жасадық.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептерде тәжірибесіне инклюзивті оқытуды енгізу оның икемді үлгілерін ұсынуды қажеттейді. Себебі әр бір мектептің өзіндік қызмет ерекшеліктері білім берудің кез келген үлгісін өзгеріссіз көшірмеуді қажеттейді. Сондықтан, мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы педагогикалық көмек көрсету, оларды ойдағыдай дамытын оқушылармен бірге оқыту, ата-аналарға қажетті кеңестік көмек көрсету, жаппай мектептердің мұғалімдеріне мүгедек балалармен жұмыста білікті әдістемелік қолғабыс көрсету әр бір мектептің өзіне тән инклюзивті оқыту моделі болуын талап етеді.

Шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулері ден саулығында ауытқысы бар балаларды жалпы білім беретін ортаға интергациялаудың мынадай қажетті шарттарын ажратып көрсетуге мүмкіндік береді:

- ата-аналардың өз балаларын ойдағыдай дамудағы балалармен бірге оқытуды қалайтындығы, отбасының мүмкіндігі шектеулі балаға оқу үрдісінде ұдайы жәрдем беруге дайын екендігі;
- баланың дамуы үшін қолжетімді және пайдалы болған инклюзивті оқыту ұйымдастырудың вариантін таңдауға мүмкіндіктің болуы;
- интергацияланған балаға әрдайым қажетті білікті медициналық, психологиялық және педагогикалық көмек көрсету;
- арнайы білімдік қажеттіктері бар балалардың ойдағыдай дамудағы балалармен бірге оқуға психологиялық даярлығы.

Инклюзивті оқытуды ұйымдастырудың үлгілерін әзірлеуде мектептегі білім беру жүйесі әр бір балаға оның психикалық дамуына, білім алуына, өмірлік құзыреттіліктерінің қалыптасуына пайда беретін және қолжетімдігін қамтамасыз ететін болуы тиістігі есепке алынады. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі баланың биологиялық сәтсіздігі (есту, көру, орталық жүйке жүйесінің бұзылуы) оның айналадағы қоршаған ортамен өзара әрекеттесуіндегі қиыншылықтардың тек бастапқы себеті болады, яғни екіншілей психикалық дамудағы ауытқыларды тудырады. Психологиялық-педагогикалық зерттеулер мүмкіндігі шектеулі балаларда биологиялық ауытқулардан туындайтын психикалық ауытқуларды арнайы ұйымдастырылған оқыту арқылы алдын алу мүмкіндігін дәлелдейді. Сонымен қатар, арнайы білімдік қажеттіліктері бар балалардың жеке дамуы деңгейіндегі айырмашылықтарды да ескерген жөн.

Инклюзивті оқытудың үлгілерін әзірлеуде оны дәл қазіргі уақытта мектептерде бар білім беру құрылымдары шеңберінде пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Атап айтқанда, жалпы білім беретін мектептер мұғалімдерінің дефектологиялық білімдер және арнайы педагогикалық технологиялармен қарулануында инклюзивті оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететіндігін ескеру қажет.

Отандық мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқытудың ресейлік дефектолог-ғалымдар Н.Н. Малофеев және Н.Д. Шматко [3] ұсынған модельдерін пайдалануды ұсыну мүмкін. Авторлар ұсынған инклюзивті оқыту үлгілерінің артықшылығы, олардың мүмкіндігі шектеулі балаларды ойдағыдай дамудағы құрдастарымен бірге оқытуды жоспарлау және ұйымдастыруда туындайтын сұрақтарды толығымен қамтығандығы. Инклюзивті оқыту модельдерін ұсына келе, Н.Н. Малофеев және Н.Д. Шматко мына сұрақтарға жауап іздестірген:

- интеграциялаудың дәл осы түрі қандай балаларға пайдалы болуы мүмкін?
- жалпы білім беретін оқу орындарының қандай түрлерінде олар ұйымдастырылуы мүмкін;
- топтар мен сыныптарды іріктеп жынақтаудың қағидалары қандай?
- интеграция уақыты қандай мөлшерленеді?
- балалардың біріккен іс-әрекетінің мазмұны мен сипаты қандай?
- оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде қандай мамандар қатысады?
- қай жерде және кім тарапынан арнайы педагогикалық көмек көрсетіледі?
- жаппай және арнайы педагогтардың өзара әрекеттесуінің тетігі қандай?

Инклюзивті (интегративті) оқытудың мынадай үлгілері ұсынылады:

- 1) Ұдайы толық интеграция (кіріктіру);
- 2) Ұдайы шамалы интеграция;
- 3) Уақытша және шамалы интеграция;
- 4) Эпизодтық интеграция [3, 73-б.].

Ұдайы толық интеграция (кіріктіру) дамудағы қалайда бір ауытқысы бар баланы ойдағыдай дамудағы балалармен бірдей топтарда немесе сыныптарда оқытуды көздейді. Толық интеграция психофизикалық және тілдік дамуы жас нормаларына сәйкес немесе жақын келетін, сау құрдастарымен бірге оқуға психологиялық дайын болған балалар үшін тиімді болуы мүмкін. Мұнда баланың дамуындағы ауытқылар ерте анықталып, олмен коррекциялық жұмыстар мүмкін болса өмірінің бірінші айларынан жүргізілген болуы тиіс. Толық интеграциялау әдеттегі мектептерде сыныптарға 1-3 мүмкіндігі шектеулі балаларды қосу жолымен жүзеге асырылады. Мүмкіндігі шектеулі балалар ойдағыдай дамудағы құрдастарымен қатар барлық сабақтарға қатысады. Толық интеграция жағдайында инклюзивті оқыту жаппай мектептердің мұғалімдері тарапынан іске

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 3 (31), 2011 г. асырылады. Бұл балаларды мөлшерленмеген біргі оқыту үлгісі болып табылады. Бірақ, мүмкіндігі шектеулі балалардың басым көпшілігі осы түрдегі модель негізінде білім алуы қиын.

Ұдайы толықсыз интеграция. Психикалық даму деңгейі жас нормаларынан біраз төмен, ұдайы және айтарлықтай коррекциялық көмекке мұқтаж, бірақ мұнда бірнеше пәндерден ойдағыдай дамудағы құрдастарымен тең оқуға қабілетті, олармен сыныптан тыс көпшілік уақытын бірге өткізе алатын балалар кіреді. Интеграцияның мұндай үлгісі баланың ойдағыдай дамудағы балалармен қарым-қатынас жасау, өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін толығынша пайдалануға негізделді. Аталмыш модель барлық түрдегі мектепке дейінгі және жалпы білім беретін мектептерде пайдаланылуы мүмкін. Топта немесе сыныпта оқушылар санының үшден екі бөлігін ойдағыдай дамудағы балалар, қалған үшден бір бөлігін – дамудағы ауытқысы бар балалар құрайды. Икемді сыныптар тек қана жаппай мектептерде құрылады, ондағы параллель сыныптардың әрбіріне 2-3 мүмкіндігі шектелген балалар кірістіріледі.

Ұдайы шамалы интеграция. Ойдағыдай дамыған құрдастарымен қажетті білімдер, іскерліктер мен дағдылардың тек азғынтай бөлігін меңгеруге, олармен оқу және сыныптан тыс уақытының бөлшегін ғана бірге өткізуге қабілетті мүмкіндігі шектеулі балалар үшін пайдалы. Оның негізгі мағынасы мүмкіндігі шектеулі балаларды ойдағыдай дамудағы құрдастарымен қарым-қатынас жасауы және өзара әрекеттесуі аумағын кеңейту. Интеграцияның мұндай түрі әдеттегі немесе арнайы топтары болған мектепке дейінгі мекемелерде, сондай-ақ дамуда кейбір ауытқулары бар балалар үшін арнайы сыныптар ашылған жаппай мектептерде пайдаланылуы мүмкін. Яғни, мүмкіндігі шектеулі балалар арнайы топтар немесе сыныптардың тәрбиеленушілері болып табылады. Күнның бір бөлігінде дамуы шамалы 1-3 жоғарырақ балалар әдеттегі сыныптарға қосылады. Шамалы интеграцияланады оқушылар күнның көбірек бөлігінде арнайы сыныптарда оқыды, ал жаппай сыныптардағы жеке сабақтарға қатысады.

Уақытша және шамалы интеграция. Мұнда арнайы топ немесе сыныптағы барлық тәрбиеленушілер қол жеткен деңгейінен тыс өздерінің ойдағыдай дамудағы құрдастарымен айына кемінде екі рет бірлесіп тәрбиелік сипаттағы біріккен іс-шараларда қатысады. Уақытша интеграциялаудың мағынасы мүмкіндігі шектеулі балалардың әдеттегі құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың алғашқы тәжірибесін меңгеруіне жағдай жасау болып табылады. Осы модель ойдағыдай дамыған немесе арнайы топтары бар мектепке дейінгі мекемелерде, арнайы сыныптар ашылған жалпы білім беретін мектептерде пайдаланылуы мүмкін. Арнайы топтағы балалар арнайы ұйымдастырылған коррекциялық оқытуды талап етеді. Бірақ, бірінші жылдағы сабақтардан бастап олар ойдағыдай дамудағы құрдастарымен серуендеуде, мейрамдарда, жеке сабақтарда бірге қатыса алады.

Эпизодтық интеграция. Өз тәрбиеленушілерінің ойдағыдай дамыған құрдастарымен бірге оқыту мен тәрбиелеуге мүмкіндіктері шектелінген арнайы мектепке дейінгі және мектептерге арналған интеграциялау моделі. Оның мағынасы дамуындағы айтарлықтай ауытқулары бар балаларды еш болмағанда өз құрдастарымен аздай болса да әлеуметтік қарым-қатынас жасауларына мүмкіндік туғызу. Коррекциялық мекемелердегі тек қана мүмкіндігі шектеулі балалар оқитын, әлеуметтік қатынастар жасауға объективті шектеулер бар жағдаяттарды жеңу. [3, 74-78 бб.]

Мұнда мүмкіндігі шектеулі балалар әрқашанда бөлек білім алатындар, бірақ белгілі уақыттарда жаппай мектептер оқушыларымен бірігеді. Мұндай интеграциялану демалыс лагерларында, арнайы ұйымдастырылған саяхаттарда, мейрамдарда, балалар шығармалары көрмелерінде ұйымдастырылады. Мұндай біріктіру үлкен тәрбиелік маңызға ие, бірақ белгілі дәрежеде қиыншылықтар тудырады. Балалар фестивальдарда, байқауларда, спорттық жаттығуларда жаппай мектептердегі құрдастарымен қарым-қатынаста болады. Теріс әдістерді, яғни ойдағыдай дамудағы балаларды арнайы мектептерге үйірме т.б. жұмыстарға тарту да тәрбиелік жағынан жақсы нәтиже береді.

Эпизодтық интеграция дефектолог немесе арнайы топ тәрбиешісі жетекшілігімен біргеліктегі сабақтар жүргізуді болжамдайды. Жаппай мектептердің педагогтары бірлесіп өткізілетін жарыстар, көрмелер, байқаулардың ұйымдастырушысы ретінде қызмет жасайды. Дефектолог-мұғалімдер мен арнайы топтардың тәрбиешілері жаппай мектептердің педагогтарына осы тәрбиелік іс-шараларды өткізуде әдістемелік көмек көрсетеді, мүмкіндігі шектеулі балалармен қандай байланыс орнату қажеттігі, оларды қандай біріккен іс-әрекетке тарту мүмкіндігі, балалардың өзара қарым-қатынас жасауы, өзара әрекеттесуі үшін қандай жағдайлар жасау мүмкіндігін түсіндіреді.

Қорыта келе, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептердегі ойдағыдай дамудағы құрдастарымен интеграциялануының бірнеше үлгілері әзірленгендігі, ал оларды пайдалану әрбір мектептің ішкі мүмкіндіктері, дамуындағы ауытқысы бар балалардың категориясына орай жүзеге асырылатындығы байқалады.

Отандық мектептерді дамытудың директивті құжаттарында, атап айтқанда Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқыту мәселесіне ерекше назар бөлінгендігін ескеретін болсақ, онда интегративті оқытудың болашағы мол екеніне тағы да бір рет куә боламыз.

1. *Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2010, 18 маусым.*

2. *Сулейменова Р.А. История вопроса инклюзивного образования в Республике Казахстан – Специальное образование в Казахстане, 2008. – №2. – С. 8-19.*

3. *Малофеев Н.Н., Шматко Н.Д. Базовые модели интегрированного обучения – Дефектология, 2008. – №1. – С. 71-78.*

Summary

In the article different variants of the inclusive education of disabled children in the mass general education schools are considered. The opportunities of their application with the respect of disabled children categories, conditions of general educational schools and psychological readiness of normally developed children to integrative studying were analyzed.

Резюме

С ограниченными возможностями детскую в школах, которые общий образуют, до того, как в статье закрывает, инклюзивный рассматривал разные образцы. Они психологическую подготовку интегрировал обучать вопрос, учитывая использования того, что детского категорий на как следовать развиваться, внутренние возможности школы сплошные, учителя я, того, что с ограниченными возможностями детского, рассмотрена.

ШАҒЫН КОМПЛЕКТІЛІ МЕКТЕПТЕРДЕ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ САЛАУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

А.Н. Көшербаева – п.ғ.д., профессор,

А.З. Әліпбек – п.ғ.к., аға оқытушы

Білім беру проблемаларына байланысты шағын комплектілі мектептерде оқушылардың оқу жұмыстарын дұрыс жолға қою – әр уақытта шешімін табуы керек ететін мәселе. Бүгінгі күннің талабы – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Мектеп – әлеуметтік мәселелердің ішіндегі ең өзектісі, ал шағын комплектілі мектептер ерекше мән беретін білім ордалары.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында шағын комплектілі мектеп оқушыларының саны аз, біріктірілген сынып – комплектісі бар, оқу сабақтарын ұйымдастырудың ерекше формасы бар жалпы білім беретін мектеп деп көрсетілген. [1] Сапалы білім беру жүйесі еліміздің экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі және мемлекеттің дамуының өзегі болып есептеледі. Осыған орай, шағын комплектілі мектептерге көңіл бөлу, оларға жәрдем беру арқылы болашағымызды бәсекелестікке лайықты тәрбиелеп, білім беріп дамытамыз. Осы жерде Ахмет Байтұрсыновтың «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» – деген сөзін айта кету орынды.

Бүгінде Қазақстанның ауыл мектептерінде көбі шағын комплектілі мектептерге айналуда. Республикада әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қалыптасуы, қала халқының өсуі, көшіп-қонудың артуы, туудың төмендеуі шағын жинақталған мектептердің өсуіне әсерін тигізеді. Республикада шағын комплектілі мектептің үш түрі (типi) бар: бастауыш шағын комплектілі мектеп – (1-4 сынып); негізгі шағын комплектілі мектеп – (5-9 сынып); орта шағын жинақталған мектеп – (10-11 сынып). Өз кезегінде шағын комплектілі мектептер тек сынып – комплектілерден (мұндай жағдай бастауыш мектепте байқалады); сынып комплектілер және оқушылар саны аз сыныптары бар мектептер (бастауыш, негізгі және орта мектеп), сыныпта оқушылар саны аз мектептер (негізгі және орта мектеп) тұрады. [2]

Ауылдық жердегі шағын комплектілі мектептегі кең тараған сабақ тұрпатына біріккен, яғни жасы аралас балалардың тізе біріктіріп қызметтесуі, топтасып және ұйымдасып жұмыс жасаула-

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 3 (31), 2011 г.
ры, балаларды ортақ танымдық іс-әрекетке біріктіреді, олардың ой-өрісін кеңейтеді, салауаттылыққа жетелейді, мұғалімге тақырып өтудегі сабақтастыққа және пәнаралық байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ал, жалпы алғанда шағын комплектілі мектептердегі балалардың өзара қарым-қатынастарының шектеулігі мен олардың аздығы сабақ түрлерін байытуды, оқыту әдістерін түрлендіруді талап етеді.

Шағын комплектілі мектептерде жеткіншек-оқушылардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін сондай-ақ, ойын әдістері амалдары мен түрлері (рөлдік ойындар, іскерлік ойындар), қалыпты емес сабақтар (саяхат сабақ, аукцион сабақ, театр сабақ) өткізіледі. Жеткіншек-оқушылар рөлдік ойындар ойнағанды ұнатады. Костюм мен модельдері бар рөлдік ойындар оқу үрдісін белсенді ететін маңызды дидактикалық құрал болып табылады. Сөйтіп, шағын комплектілі ауыл мектебі үшін өзекті мәселені шешудің бір нұсқасы – оқушылардың жеке қызығушылығына, таным қабілеттілігіне және мүмкіндігіне сәйкес оқыту, ал бұл – айырмалап оқыту технологиясы жүйесіне жатады. Бұл бағдарламалар оқушының дара ерекшеліктеріне қарай бейімделген.

Ауыл мектебіндегі мұғалімінің негізгі мақсаты – өмір сүру қажеттілігіне сенімділігі бар баланың жеке тұлғасын қалыптастыру. Осыған байланысты, ауылдағы шағын комплектілі мектептерде жеткіншектердің салауаттылығының қалыптасуына ықпал ететін фактор – негізгі әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық ахуал. Сондай-ақ, жеткіншектердің салауатты өмір салтының қалыптасуына эстетикалық құндылықтардың әсер ететіні сөзсіз. Өйткені, салауатты өмір салты адам табиғатына аса қажетті әсемдікті, сұлулықты, тазалықты талап етеді. Сондықтан эстетикалық құндылықтар арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру – ерекше мәселе болып, шағын комплектілі мектептер жағдайында арнайы зерттеуді қажет етеді. Зерттеу жұмысы және мектеп тәжірибесі көрсеткендей, жеткіншектік кезеңнің психологиялық ерекшеліктері дүниенің әдемілігіне, сұлулығына деген қызығушылықтары ерекше көрініс беріп, эстетикалық талғамы мен мұратын дамытуға өз бетінше ұмтылыс, талпыныс жасайды. Осыдан келіп, жеткіншектер өмір салтының мәні мен басты құндылығы – әсемдік пен әдемілікті сезіну болып табылады. Сондықтан да, жеткіншектердің салауатты өмір сүруі үшін эстетикалық құндылықтардың рөліне ерекше көңіл бөлу қажет. Оқушының жас ерекшелігіне сай, яғни оның психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, өмірде кездесетін нәрселердің әсемдік, сұлулық жақтарын ажыратып, үлгі-өнеге көрсету, оқушылардың талғампаздығын тәрбиелеу – бүгінгі өмір талабы екенін баса айтуға болады. [3]

Негізгі шағын комплектілі мектеп оқушыларының даярлығы нашар, олардың өз бетінше жұмыс істеу әрекеттері қалыптаспаған. Шағын комплектілі мектептерде педагогикалық кадрлардың тұрақталмауы байқалады, ал орнығып жұмыс істеп жүрген мұғалімдердің біліктілігі төмен болып келеді. Мұның барлығы мәдени орталықтармен байланыстың қалыптасуына, мұғалімдердің білімдерін жетілдіретін жүйелердің аздығына, материалдық құралдардың жетіспеушілігіне байланысты.

Сонымен қатар, негізгі шағын комплектілі мектептердегі жеткіншек-оқушылардың салауаттылығын эстетикалық құндылықтар негізінде қалыптастыруда кездесетін қиыншылықтарға мыналарды жатқызуға болады:

- ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің жетіспеушілігі;
- әртүрлі жастағы оқушылармен жұмыс істеудің қиындығы;
- оқушы мен мұғалімге түсетін психо-эмоционалдық жүктеменің ауырлығы;
- мұғалімнің кәсіби дайындығының жеткіліксіздігі;
- шағын комплектілі мектептердің тірек мектептерден алға орналасуына байланысты мұғалімдердің тәжірибе алмасуының жеткіліксіздігі және т.б.

Қоғамдық жаңару кезеңінде, еліміздегі әлеуметтік-саяси, экономикалық қатынастардың сипатының өзгеруі өз кезеңінде қоғамдық білім, тәрбие институттарының да жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Сондықтан жоғарыда аталған зерттеулерді негізге ала отырып, қоғамдағы мектеп, отбасы бала тәрбиесіне, әсіресе салауатты өмір салтын қалыптастырудың тиімді жолдарын іздестіру – заман талабы болып отыр.

Осыған байланысты, зерттеу жұмысымыздың барысында жеткіншектердің жас ерекшеліктеріне сай, меңгеруге тиісті білім мазмұнын анықтай отырып, пәндер мазмұнына қосымша толықтырулар енгіздік. Мәселен, 5-9 сыныптарға 1997 жылдан бастап енгізілген «Салауаттану» пәні, оның да мақсаты – оқушылардың салауатты өмір салты мен салауаттану ұстанымдары негізін игеруін, салауатты мүдделерге гигиеналық дағдысын және сауықтыру әдістерін іс жүзінде қолдануын қалыптастыру болып табылады. [4] Сондай-ақ, «Технология» пәнінің де жас жеткіншекте-

рімізді салауаттылыққа тәрбиелейтін тұстары өте көп және осы пәннің кейбір тарауларына қосымша тақырыптарды «Салауаттану» пәнімен байланыстыра отырып, толықтырулар енгізуді ұйғардық. «Салауатты өмір салты – әсемдік тәрбиесінің негіздері» факультативтік курсы эксперимент жүргізілген мектептерімізде жеткіншектердің салауатты өмір салты жайындағы дүниетанымы кеңейіп, зерттеу жұмысымыздың нәтижесі оң көрсеткіштер бергендігін байқатты.

Оқу-тәрбие үрдісінде жеткіншектердің сезімдік-эмоционалдық жағдайына әсер ете отырып, эстетикалық құндылықтар негізінде салауатты өмір салтын қалыптастыруды көздеуді мақсат еттік. Оқушылардың салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар арқылы қалыптастыру көп жағдайда сыныптан тыс жұмыстар арқылы жүргізілетіндіктен, біз «Эстетикалық құндылықтар негізіндегі салауатты өмір салты – ұлттық тәрбиенің тірегі» жобасын жасап, оны жүзеге асырдық. Аталған жобаның мақсаты – эстетикалық құндылықтар негізіндегі салауатты өмір салтын жеткіншектердің бойында қалыптастыру. Жобаның негізгі міндеттері:

– денсаулығы мықты, эстетикалық талғамы зор, салауатты жеткіншектерді қалыптастыру;
– жеткіншектердің бойында саналы ғұмырды сақтап қалу үшін әртүрлі жағдайлардағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және өз денсаулығына зиянды әдеттерге бейімделуіне қарсы тұруға үйрету.

– жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің, педагог-психологтардың, жеткіншек-оқушылардың және олардың ата-аналарының салауаттылық жайындағы теориялық білімдерін кеңейтіп, оны практикалық өмірмен ұштастыру.

Аталған жобаның мазмұны мынадай үш бағыттан тұрады: *бірінші бағыт*: «Сыр-сымбат» шығармашылық клубы. Бұл клубтың негізгі мақсаты – эстетикалық құндылықтар арқылы салауатты өмірдің алғы шарттарын қалыптастыру. Шығармашылық клуб жұмысынан күтілетін нәтиже:

– сабақпен салыстырғанда, жеткіншектер өздерін емін-еркін сезінеді, практикалық әдіс-тәсілін, жолдарын үйреніп, стресстік жағдайлардан арылады; жүйке жүйелерінің жұмысы нығайып, демалыс мәдениетін дұрыс ұйымдастыруды үйренеді; жеткіншектердің эстетикалық қабілеті дамып, басқа да оң өзгерістерге қол жеткізеді. «Сыр-сымбат» шығармашылық клубы жұмысының нәтижесінде – денсаулығы мықты, эстетикалық талғамы зор, салауатты жеткіншектерді қалыптастыруға мүмкіндіктер берді.

Екінші бағыт: жеткіншектерге және мектеп мұғалімдеріне «Ұрпақ салауаттылығы – ұлт болашағы» атты салауатты өмір салтын насихаттауға арналған мақсаттық бағдарламасы. Мақсаттық бағдарламаның мақсаты – саналы ғұмырды сақтап қалу үшін әртүрлі жағдайлардағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және өз денсаулығына зиянды әдеттерге бейімделуіне қарсы тұруға үйрету. Бағдарламаның негізгі қағидасы – тамызығын тапсаң, тас та жанар. Бағдарлама ұстанымы – ереже ұсынғанша, өнеге ұсын.

Үшінші бағыт: «Жеткіншектердің салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар негізінде қалыптастыру» оқу-әдістемелік құралы – жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, педагог-психологтарға, жеткіншек-оқушыларға және олардың ата-аналарына арналады.

Шағын комплектілі мектептерде жеткіншектердің салауатты өмір салтын әсемдік дүниесін сақтай білу арқылы қалыптастыру жұмыстарын жүргіздік. Мақсаты – эстетикалық құндылықты салауаттылықпен тығыз байланыста қарастыра отырып, өмір салтының мәніне айналдыру. Мұнда сыныптан тыс жұмыстарда жеткіншектермен және олардың ата-аналарымен жан-жақты шығармашылық жұмыстардың формалары – әңгімелесу, диспут, іскерлік ойындар, дөңгелек үстел, баяндама және т.б. әдіс-тәсілдері жүргізілді. Мұндағы негізгі ұстанымдар – жеткіншектердің жас және дара ерекшеліктерін ескеру табиғилық, салауаттандыру, әсемдік – саулық негізі, өмір сұлулығы – денсаулық, жаны саудың – тәні сау. Әдіс-тәсілдері – жеке тұлғаның санасын қалыптастыру, іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері, ынталандыру әдістері, сауалнама, байқау, пікірталас және тест.

Педагогикалық тәжірибелік-эксперименттің қорытынды нәтижесі арнайы бағытталған жеткіншектердің салауатты өмір салтын қалыптастыруға айтарлықтай ықпал еткенін айғақтайды. Егер анықтау экспериментінің барысында, жеткіншектердің салауатты өмір салты жөнінде білімінің ең жоғары көрсеткіші экспериментке дейін 44 пайыз болса, эксперименттен кейін – 50,8 пайызға өсті, орта деңгейі – 25,4 пайыздан – 30,5 пайызға көтерілді, ал төменгі деңгейі экспериментке дейін – 30,5 пайыздан – 18,5-ке төмендеді.

Сонымен қалыптастыру экспериментінде жеткіншектердің салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар негізінде қалыптастыру туралы білімдерін көтеру мақсатында біздің жасаған

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 3 (31), 2011 г.
әдістемені негізге ала отырып, жеткіншектердің салауатты өмір салты жайындағы білімдерін терендету және жетілдіру жолдары қарастырылды.

Педагогикалық тәжірибелік-эксперимент жұмысы эстетикалық құндылықтар негізінде жеткіншектердің салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстарының дұрыстығын, жеткіншектерді (5-9 сынып оқушылары) жас ерекшеліктеріне сәйкес, құндылықтар арқылы оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен жүйесінің тиімділігін дәлелдеді.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана: «Дастан» баспа үйі, 2000.
2. Асқарбаева А., Храпченко Р.М. Шағын комплектілі мектептердің оқытудың мазмұны мен әдістері. – Алматы: Мектеп, 1961, – 88 б.
3. Петровский А.В. Педагогикалық және жас ерекшелік психологиясы – Алматы, 1987, – 120-126 б.
4. Мектеп жүйесіне салауатты өмір салтын енгізу әдістемесі. / Республикалық әдістемелік кеңес жинағы. – Алматы, 2002.

Резюме

В данной статье раскрываются возможности обучения, воспитания и типы малокомплектной школы. Также особое внимание обращено формированию здорового образа жизни на основе эстетических ценностей у подростков в малокомплектной школе.

Summary

